



## ИНТЕРНЕТ ЭКВАЙРИНГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША САУДА ЖӘНЕ СЕРВИС (КОММЕРСАНТ) КӘСІПОРЫНДАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

Сауда және сервис кәсіпорындарына (Коммерсант) интернет эквайрингі қызметтері бойынша қызмет көрсету шартының осы Жалпы талаптары «ForteBank» АҚ-ның (бұдан әрі - Банк) ресми интернет-сайтында [www.forte.kz](http://www.forte.kz) орналастырылған, ол Коммерсанттың қосылу туралы өтінішінің (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) ажырамас бөлігі болып табылады, оның негізгі талаптарын қамтиды және бірлесіп бірыңғай қосылу шарты (бұдан әрі - Шарт) болып табылады. Шарт Банк Интернет эквайрингі қызметтерін көрсетуге бағытталған Қосылу туралы өтініште белгіленген тәртіпте қабылдаған күннен бастап бекітілген болып саналады. Коммерсант Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Шарт талаптарын оқығанын, түсінгенін және келіскенін растайды және оларды уақытында және толық көлемде орындауға міндеттенеді.

### 1. 1. ОСЫ ШАРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Шарттың мәтінінде қолданылатын терминдер мен белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мағыналарға ие, сондай-ақ осы бөлімде келтірілген:

- 1.1. Авторизация** – Банктің Эмитент банктен төлем карточкасын немесе оның деректемелерін пайдалану арқылы операция жүргізуге рұқсат алуға сұрау салу және содан кейін алу рәсімі;
- 1.2. Қуаттау/Авторизациялық орталығы** - Коммерсант тиісті форматта тарататын, Карточка ұстаушының Коммерсант тауарларына/жұмыстарына/қызметтеріне ақы төлеу кезінде Карточканы немесе оның деректемелерін пайдалана отырып жүзеге асыратын төлем шеңберінде Авторизациялау рәсімін жүзеге асыру үшін Эмитент банкке қажет ақпаратты қамтитын электрондық;
- 1.3. Банк** – «ForteBank» акционерлік қоғамы;
- 1.4. Эквайер банк** – «ForteBank» АҚ, ол төлем карточкасын және (немесе) оның деректемелерін пайдалана отырып төлем жасаған кезде Коммерсантта құрылған Шарттың және/немесе төлем құжатының талаптарына сәйкес Коммерсанттың пайдасына түскен ақшаны қабылдайды және/немесе Шартта көзделген басқа әрекеттерді орындайды;
- 1.5. Эмитент банк** - Карточка шығаруды жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банк немесе Ұлттық пошта операторы;
- 1.6. Қайтарымдық карточкалық операция** – Карточка ұстаушы сатып алған Коммерсанттың тауарлары/жұмыстары/қызметтері үшін және/ немесе Карточка ұстаушы төленген (алдын ала төленген) тауарлардан/жұмыстардан/қызметтерден бас тартқан жағдайда, карточканы немесе оның деректемелерін пайдалана отырып, бұрын жасалған төлем/ақша аударымы бойынша операция сомасын Карточка ұстаушыға қайтару операциясы;
- 1.7. Карточка ұстаушы** – Карточканы беру туралы шартқа сәйкес Карточканы қолданушы немесе иеленген жеке тұлға;
- 1.8. Интернет-сайт** – Коммерсант пайдаланатын, Коммерсанттың тауарлары/жұмыстары/қызметтері туралы мәліметтерді, Коммерсанттың тауарларының/жұмыстарының/қызметтерінің сатылымын қамтитын интернет-ресурс;
- 1.9. Интернет эквайрингі** - Карточканың деректемелерін, сонымен қатар мобильді құрылғыларды қолданумен интернет желісінде жүргізілетін операциялар бойынша тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеу мүмкіндігін беретін, электронды сауданың құрамдас бөлігі ретіндегі Эквайер банктің қызметі;
- 1.10. Карталық операция (Транзакция)** – Коммерсанттың тауарларын/жұмыстарын/қызметтерін сатып алу кезінде Карточка ұстаушы Карточканы немесе оның деректемелерін қолдана отырып жүзеге асыратын, төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жасауға байланысты операция;
- 1.11. Карточкалық жүйе** - Банктің Карточканы немесе оның деректемелерін қолдануы арқылы операцияларды жүргізуін және ол операциялар бойынша есептесулерді жүргізуін қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар мен ұйымдастырушылық- техникалық шешімдердің жиынтығы;
- 1.12. Қуаттау (авторизациялау) коды** - транзакцияны растау (рұқсат ету) коды;
- 1.13. Коммерсант** – Шарт талаптарына сәйкес тауарлар/жұмыстар/қызметтерді сататын және сатылатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлем ретінде Карточканы немесе оның деректемелерін қабылдайтын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;
- 1.14. Жеке кабинет** - Банктің веб-сайт арқылы жұмыс жасайтын интерфейс, ол Банктің Коммерсантпен өзара қарым-қатынас жасауына және интернет эквайрингі қызметтерін ұсыну кезінде бағдарламалық жасақтаманың функционалына сәйкес тиісті сервисті ұсынуға мүмкіндік береді. Жеке кабинетті пайдалану тәртібі Интернет

эквайрингі қызметін қосу кезінде Коммерсантқа берілген нұсқаулықта қамтылған;

**1.15. Халықаралық төлем жүйелері (ХТЖ)** - бұл карточкаларды Коммерсанттар Карточкалық операциялар үшін қабылдайтын халықаралық төлем жүйелеріне қатысушы тараптар арасындағы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу және Транзакцияларды айырбастау жүйесі. Халықаралық төлем жүйесі жұмыс істеу қағидаларын белгілейді және Халықаралық төлем жүйесінің мүшелері арасында тиісті валюта айырбастауымен Карточкалық операциялар бойынша клирингтік есеп айырысуды жүзеге асырады;

**1.16. Тізбе** - Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган құрған террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізбесі, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесі және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесі;

**1.17. Төлем карточкасы (Карточка)** – оның иесіне электрондық терминалдар немесе өзге де байланыс арналары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға, не қолма-қол ақша алуға, не төлем карточкасының эмитенті айқындаған валюта айырбастау және өзге де операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын электрондық төлем құралы;

**1.18. Жұмыс күні** - Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктері банктік операцияларды жүргізу үшін ашық болған күн;

**1.19. Карточканың деректемелері** – төлем карточкасында жазылған және/немесе Эмитент банктің ақпараттық жүйесінде сақталған ақпарат, мыналарды қоса алғанда: төлем карточкасының оны ұстаушыға және (немесе) эмитентке және төлем карточкасы жүйесіне тиесілігін белгілеуге мүмкіндік беретін төлем карточкалары жүйесінің нөмірі, қолданылу мерзімі, атауы;

**1.20. Электрондық коммерция сервисі (бұдан әрі – ЭКС)** – Банктің аппараттық-бағдарламалық кешені, ол арқылы Карточкалық операцияны жүргізу кезінде пайдаланылатын ақпаратты бағыттау, жинау, өңдеу, беру, сондай-ақ қатысушылармен жасалған шарттарда көзделген басқа да функциялар жүзеге асырылады;

**1.21. PCI DSS стандарты** (Payment Card Industry Data Security Standard) - бұл ХТЖ әзірлеген және олардың қатысушылары Карточкалық операциялар жүргізу шеңберінде ақпарат алмасу кезінде қолданатын ақпаратты қорғау стандарты. PCI DSS стандарты бірқатар ақпараттық қауіпсіздік бағдарламаларының талаптарын біріктіреді, атап айтқанда: • Visa: Account Information Security (AIS); • MasterCard: Site Data Protection (SDP). PCI DSS талаптарына сәйкестігін тексеру әдістері: • тексерілетін ұйым объектісінде PCI QSA компаниясы жүргізетін сыртқы QSA аудиті (ағылш.); • өзін-өзі бағалау парағын толтыру (SAQ); • желі периметрінің осалдығын автоматтандырылған түрде ASV сканерлеу. Сәйкестікті тексеру әдісі немесе әдістердің жиынтығы, қатысушының сертификаттау деңгейіне байланысты таңдалады;

**1.22. Тоқтатым-парақ** – қолдануға тыйым салынған және ол бойынша қызмет көрсету үшін ұсынылған кезде алынатын Карточкалар нөмірлерінің тізімі. Тоқтатым-парақ эмитент банктердің жазбаша арыздары негізінде төлем жүйесінде жасалады. Әлем өңірлері бойынша бөлек тоқтатым-парақтарын шығару қарастырылған. Өңірлерге аумақтық бөлуді төлем жүйелері жүргізеді. Карточка нөмірін төлем жүйесі эмитент банктің жазбаша арызында көрсетілген өңірлердің тоқтатым-парағына енгізеді;

**1.23. Тәуліктік лимит** – бір тәулік ішінде бір Коммерсантта жүзеге асырылатын Транзакциялар сомасы бойынша Шартқа сәйкес белгіленген лимит (ең жоғары сома бойынша шектеу);

**1.24. Карточка ұстаушының шоты** – Эмитент банк Карточка ұстаушыға ашатын банктік (ағымдағы) шоты, ол бойынша операциялар Карточканы немесе оның деректемелерін қолдану арқылы жүргізіледі;

**1.25. Коммерсанттың шоты** – сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлемдер қабылдау үшін қолданылатын, Коммерсанттың Банкте ашылған шоты;

**1.26. Токен** – Карточканы тіркеу кезінде Банктің токенизация жүйесі арқылы құпия деректермен сәйкестендірілетін бірегей идентификатор;

**1.27. Токенизация** – Карточка деректерінің құпия элементін құпия емес Токен баламасына ауыстыру процесі;

**1.28. Фрод (Fraud)** – Банк, Карточка ұстаушы мүддесіне немесе ХТЖ-ң басқа қатысушыларына залал келтіретін, ХТЖ немесе ХТЖ қатысушылары жарамсыз: санкцияланбаған, фрод, өзге заңсыз деп классификациялаған, Комерсантта, оның филиалдарын (карта бойынша қызмет көрсету бекеттерін) қоса алғанда, жүзеге асырылған, сонымен қатар төлем карталарының эмитенті екінші деңгейдегі банк болған барлық жағдайларда, Карточка немесе оның деректемелері арқылы жасалған заңсыз, алаяқтық немесе басқа (әдейі қате, күмәнді және с.с.) әрекеттер;

**1.29. Chargeback** – Коммерсант тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатуы бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған жағдайда немесе Эмитент банкке Карточка ұстаушының өтініші түскен жағдайда, төлем жүргізілген шоттан талап етілген Транзакция сомасын Карточка ұстаушыға қайтару қажеттігі туралы, осы шоттан ақшаның заңсыз есептен шығарылғаны туралы Эмитент Банктің талабы;

**1.30. CVC2** - Card verification code - MasterCard Worldwide ХТЖ термині, көрсетілген карточка деректемелерінің дұрыстығын қосымша тексеру және есептердің қауіпсіздігін көтеруге арналған үш таңбалы код, қол қою жолағында басылған және Карточканы ұсынбай төлем операциясын жүргізгенде/қолмен енгізгенде тексеру үшін қызмет етеді;

**1.31. CVV2** - Card verification value – Visa ХТЖ термині, көрсетілген карточка деректемелерінің дұрыстығын қосымша тексеру және есептердің қауіпсіздігін көтеруге арналған үш таңбалы код, қол қою жолағында басылған және Карточканы ұсынбай төлем операциясын жүргізгенде /қолмен енгізгенде тексеру үшін қызмет етеді;

**1.32. Retrieval request (іздеу сұранысы)** – эмитент банктің Транзакциялар бойынша растайтын құжаттардың көшірмелерін сұрауы.

## **2. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

2.1. Шарт Карточка ұстаушылардың тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын Қосылу туралы өтініште көрсетілген ХТЖ Карточкаларының деректемелерін қолданумен Интернет ресурсында төлеуімен байланысты төлемдер мен аударымдарды аудару шеңберінде Банктің интернет эквайрингі қызметтерін көрсетуі кезінде Банк пен Коммерсант арасындағы қарым-қатынасты реттейді, сонымен қатар Банктің төлемдер және (немесе) аударымдарды жүзеге асыруын немесе Шарт талаптарына сәйкес осы төлемдер бойынша ақшаны қабылдауын реттейді;

2.2. Осы арқылы Коммерсант мыналарды растайды және кепілдік береді:

- Банкпен Шарт бекіту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ХТЖ талаптарына және Коммерсанттың құрылтай құжаттарының ережелеріне қайшы келмейтінін *(егер Коммерсант ретінде заңды тұлға қатысса)*;

- Коммерсанттың қызметі заңды болса, ХТЖ талаптарына сай болса және Коммерсант мұндай қызметтің қолданыстағы заңнама талаптарына, ХТЖ талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді және Банкке Коммерсанттың қызметін жүзеге асыру кезінде осы кепілдікті бұзумен байланысты (немесе) талаптарда көрсетілген заңдылықтың бұзылуынан тікелей келтірілген залалдарды өтейді;

- барлық рұқсат құжаттарына ие (егер мұндай құжаттар міндеттемелерді орындау үшін қажет болса), сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті дағдылар, білім мен біліктіліктерге ие, соның ішінде PCI DSS стандартын сақтау мақсатында;

- тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатуды Коммерсант Қазақстан Республикасының заңнамасына, үшінші тұлғалармен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырады және зияткерлік меншік құқығы мен осындай үшінші тұлғалардың басқа құқықтарын бұзбайды.

## **3. Негізгі қаржылық талаптар және ақшаны Коммерсанттың шотына аудару және төлемдерді авторизациялау тәртібі**

3.1. Интернет-сайт арқылы тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу үшін Коммерсант түрлері Қосылу туралы өтініште көрсетілген Карточкаларды қабылдайды, ал Банк белгіленген комиссиялық сыйақыны ала отырып, Карточкалар арқылы сатып алынған тауарлар/жұмыстар/қызметтер төлемі түрінде ақша, төлем және (немесе) ақша аударымдарын Коммерсанттың шотына қабылдайды. Коммерсанттың пайдасына Транзакциялар жасалған кезде Банк ұстап қалатын комиссия мөлшері Қосылу туралы өтініште көрсетілген. Қосылу туралы өтініште көрсетілгендерден басқа, Шарт бойынша Банк ұсынатын қызметтер шеңберіндегі басқа комиссияларды Банк Банктің тарифтеріне сәйкес, осы Шартта қарастырылған тәртіпте және талаптарда ұстап қалады.

3.2. Банк Коммерсанттың шотына сатып алынған Тауарлар/Қызметтер үшін Транзакциялар бойынша ақша аударуды Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүзеге асырады. *Банктің шетел валютасында сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін Транзакциялар бойынша ақшаны Коммерсанттың шотына аударуы Банктің келісімі негізінде жүзеге асырылады. (Курспен көрсетілгені транзакцияларды шетел валютасында жасаған, егер мұндай есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделсе, қолданылады).*

3.3. Банктің комиссиялық сыйақысын төлеу Шартқа сәйкес ондай сыйақы сомасын Банктің Коммерсантқа аударатын ақша сомасынан ұстап қалу арқылы жүргізіледі, бұл ретте Коммерсант төлем сомасын Коммерсанттың төлеуі тиіс Банктің комиссиялық сыйақысын шегерумен алады. Банк Коммерсантқа қабылданған төлем және (немесе) ақша аударымының мөлшері және одан ұсталған шегерімдер туралы хабарлама ұсынады.

3.4. Транзакциялар бойынша сомалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Коммерсант Сауалнамасында көрсеткен Коммерсанттың шотына аударылады.

3.5. Коммерсант алдында оның пайдасына ақша аудару бойынша міндеттемелерді орындау күні - Банктің шотынан ақшаны Коммерсанттың пайдасына есептен шығару күні.

3.6. Банк қолданыстағы ішкі талаптарға сәйкес Транзакциялар сомасы бойынша Тәуліктік лимит белгілейді. Егер Шарттың 3.9. т. сәйкес Коммерсант Банкке тапсырыс жіберетін Транзакциялардың жалпы сомасы қандай да бір жеке күнгізбелік күні Тәуліктік лимиттен асатын болса, Банк ондай Транзакциялар бойынша Авторизация ұсынудан бас тартады және көрсетілген Транзакциялар жүргізілмейді. Тәуліктік лимит Банктің қалауы бойынша біржақты тәртіпте өзгертілуі мүмкін, бұл ретте міндетті түрде Коммерсантқа алдын ала хабарлануы тиіс. Банктің Коммерсант үшін белгілеген операцияларды жүргізуге лимиттері туралы ақпаратты, интернет эквайрингі қызметтеріне қосу үшін Коммерсант сауалнамада көрсеткен Коммерсанттың электрондық пошта адресіне жібереді.

3.7. Карточка ұстаушы Интернет-сайтта тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді таңдайды да, Карточкамен төлеу тәсілін таңдайды.

3.8. Шарттың 3.7. тармағында көрсетілген талаптар орындалған соң, Коммерсант Карточка ұстаушыны Карточканың деректемелерін енгізу және тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу үшін төлем бетіне бағыттайды.

3.9. Коммерсант Шарттың 3.8. т. сәйкес Карточка ұстаушыны бағыттаумен қатар Авторизациялау сұранысын ЭКС жібереді.

3.10. Шарттың 3.9. т. сәйкес Коммерсанттан Авторизациялау сұранысын алған соң, ЭКС Коммерсанттың Карточкалық жүйеде болуын және Авторизация туралы сұраныстың Шарттың 3.6. т. талаптарына сәйкестігін тексереді.

3.11. Карточканың деректемелерін алған соң, ЭКС Карточкалық жүйеде Карточканы Тапсырыс сомасын осы Карточка бойынша төлеу мүмкіндігінің болуы немесе мүмкіндігінің жоқтығына тексереді және Авторизация туралы сұраныстың Шарттың 3.6. т. талаптарына, сондай-ақ ХТЖ талаптарына сәйкестігін тексереді.

3.12. Шарттың 3.10, 3.11 т-тарына сәйкес және Шарттың 3.6. т көрсетілгендерді есепке ала отырып тексеруді жүргізуген соң, ЭКС Карточка ұстаушыға және Коммерсантқа авторизациялық кодпен оң нәтижесі бар немесе Авторизацияның теріс нәтижесі мазмұндалған, бас тарту себебі көрсетілген хабарламаны электрондық түрде жібереді.

3.13. Авторизацияның нәтижесі оң болғанда, ЭКС Коммерсантқа Авторизацияның оң нәтижесі мазмұндалған хабарламаны жібереді, бұл ретте Коммерсант Карточка ұстаушының экранында чек болып шығатын ақпаратты көрсететеді, кейіннен чекті басып шығарып алуға, сауда чегі бар бұл бетті сақтауға болады, сондай-ақ сауда чегін Карточка ұстаушы көрсеткен электронды пошта және/немесе ұялы байланыс құрылғысына жібереді.

3.14. Сауда чегінде келесі ақпарат болу керек:

- 1) құжаттың нөмірі, шығарылған күні, айы, жылы;
- 2) Коммерсанттың атауы және коды (бар болса);
- 3) Карточка нөмірінің бастапқы алты және соңғы төрт саны;
- 4) Коммерсанттың Интернет-сайтының атауы;
- 5) Коммерсанттың Интернет-сайтының адресі;
- 6) тапсырыс нөмірі;
- 7) операция күні және уақыты;
- 8) валютасын көрсетумен тапсырыс құны;
- 9) клиенттің аты;
- 10) авторизация коды;
- 11) Карточка арқылы төленген тауарлар/жұмыстар/қызметтер тізімі;
- 12) Банкке қажетті өзге ақпарат немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ХТЖ қағидаларына сәйкес көрсетілуі тиіс.

3.15. Авторизацияның нәтижесі оң болғанда, Эмитент банк Карточка ұстаушының шотындағы ақшаны Авторизация сомасына бұғаттау бойынша Транзакцияны жүргізеді, егер мұндай құқық Карточка ұстаушымен бекітілген шартта бар болса.

3.16. Тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу үшін Карточка ұстаушының шотында бұғатталған ақшаны алу белгіленген мерзімде автоматты түрде жүзеге асырылады.

3.17. Тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу үшін ақшаны Банк Шарттың талаптарына сәйкес Коммерсанттың шотына аударады.

3.18. Банк келесі қосымша сервистерді (баптауларды) қосуға рұқсат береді:

1) Транзакцияларды жүргізудің екі сатылы схемасы. Бірінші сатыда Транзакцияны авторизациялау орын алады, екінші сатыда осындай Транзакция бойынша ақшаны алуға бастамашылық ету. Екінші саты Банк Коммерсанттан Коммерсанттың Транзакцияны өңдеу қажеттілігін растайтын Авторизацияны аяқтау туралы сұранысты алғаннан кейін аяқталады. Екінші сатыны аяқтауға бастамашылық ету бірінші кезең аяқталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде немесе Коммерсанттың қызмет түріне қарай ХТЖ қағидаларында белгіленген мерзімде жүзеге асырылуы тиіс. Екінші саты аяқталғаннан кейін Банк осындай Транзакция бойынша ақшаны есептен шығарады. Егер Банк Коммерсанттың Авторизацияны (екінші саты) аяқтау туралы өтінішін алмаса, онда 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін немесе ХТЖ қағидаларында белгіленген мерзімде Авторизацияның күші жойылады және сома Карточка ұстаушыға қол жетімді болады;

2) Рекурентті/Қайталанатын транзакцияларды жүргізу. Коммерсант пен Карточка ұстаушы арасындағы келісімге сәйкес, келісімде алдын ала белгіленген, бірақ екі Транзакция арасында бір жылдан аспайтын уақыт аралығында Карточка деректемелерін қайта енгізбестен операцияларды жүргізу. Бұл ретте, Коммерсант пен Карточка ұстаушы арасындағы келісімде осындай келісімнің бүкіл әрекет ету мерзімі бойы Транзакцияларды жүргізу кезінде төленген тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді тұрақты түрде ұсыну қарастырылуы тиіс;

3) Токен арқылы төлемді қабылдау. Токен арқылы төлемді қолдану кезінде Карточканы тіркеу кезінде құпия деректермен салыстыру Банктің Токенизация жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Токенизацияны орындау кезінде Карточканың құпия деректерін тиісті баламасы – Токенмен ауыстыру процесі жүзеге асырылады;

4) 3D-Secure жеке баптаулары. 3D-Secure – интернет желісінде Карточкалар арқылы тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу қауіпсіздігін қамтамасыз ету. 3D Secure арқылы интернет төлемдерін жүзеге асыру кезінде арнайы бір реттік құпиясөз Карта ұстаушының мобильді телефон нөміріне SMS хабарлама түрінде жіберіледі. 3D-Secure жеке баптаулары Банктің уәкілетті органының шешімімен орнатылуы мүмкін.

3.19. Қосымша сервистерге (баптауларға) қосу/ажырату/қосудан бас тарту туралы шешімді Банк Коммерсанттың жазбаша өтініші (өтінімі) негізінде немесе қосымша сервистер (баптаулар) бойынша ескертпелерді қамтитын Коммерсанттың Сауалнамасының негізінде, сондай-ақ Банктің уәкілетті органы бекіткен өзге де негіздер

бойынша қабылдайды. Банк қосымша сервистерді (баптауларды) қосу үшін Коммерсанттан өз қалауы бойынша қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

#### **4. CHARGEBACK, КАРТОЧКА ҰСТАУШЫҒА АҚШАНЫ ҚАЙТАРУ**

4.1. Банк Chargeback немесе Retrieval request алған (немесе егер Банк Эмитент банк болып табылса, бастамашылық еткен) жағдайда, Банк Коммерсанттың тауарды/жұмыстарды/қызметтерді сату бойынша міндеттемелерді орындағандығын растайтын құжаттарды Банкке ұсыну туралы қағаз жеткізгіштегі немесе электронды нұсқадағы жазбаша талабымен Коммерсантқа жүгінеді (операциялар дауланатын және көрсетілген құжаттар ХТЖ белгілеген қағидаларға сәйкес ұсынылатын кезде). Эмитент банкке Карточка ұстаушыдан Коммерсанттың Шарт бойынша төленген тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сату жөніндегі міндеттемелерін тиісінше орындамағаны туралы немесе Карточка ұстаушының шотынан ақшаны заңсыз есептен шығару туралы жазбаша өтініш келіп түскен жағдайда, Эмитент банк Chargeback-ке бастамашылық етеді.

4.2. Коммерсант Шарттың 4.1. т. сәйкес талап етілген құжаттарды Банкке Банк бұндай талапты жолдаған күннен соң 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуы тиіс.

Банкке ұсыну үшін қажетті құжаттар тізбесі мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді және оны Коммерсанттың қызмет түріне және Эмитент банк/Карточка ұстаушы сұранысының мәніне қарай Банк толықтыруы мүмкін:

- 1) сатылған тауардың/жұмыстың/қызметтің толық сипаттамасы;
- 2) тауарларды жеткізу/жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету фактісін растайтын құжаттар: Шарттың 3.14 тармағына сәйкес жасалған сауда чегі, бақылау (тауар) түбіртегі, тауар жүкқұжаты, инвойс, тауарларды жеткізу/орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісі және т.б.;
- 3) Қонақ үй саласындағы коммерсанттар мыналарды қосымша ұсынады: қонақ портфолиосы, қонақтың тіркеу карточкасы, брондау және бас тарту саясаты;
- 4) Әуе/темір жол көлігімен тасымалдау саласында қызмет көрсететін коммерсанттар қосымша билеттің немесе отырғызу талонының көшірмесін, билеттерді (отырғызу талондарын) брондау, сатып алу және қайтару саясатын ұсынады.

4.3. Егер (а) Коммерсантта Шарттың 4.1-тармағына, 4.2-тармағына сәйкес Банкке ұсыну үшін қажетті құжаттар болмаса, (б) егер олар Шарттың 4.2-тармағында көрсетілген мерзімде ұсынылмаса, (в) егер Коммерсант Карточка ұстаушының алдындағы міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны туралы фактімен келіссе, (г) егер Транзакция ХТЖ-да жарамсыз: рұқсат етілмеген, Фрод, басқа да заңсыз, оның ішінде даусыз тәптіште ХТЖ белгілеген қағидаларға сәйкес оны даулау мүмкіндігі жоқ деп танылса, нәтижесінде Банкке ХТЖ тарапынан тиісті айыппұл санкциялары тағайындалса, Банктен тиісті Транзакция сомасы ұсталса (қайтарылса) (немесе осындай тағайындалғанға дейін, ұстап қалу және Банктің күтілетін санкция тағайындауды өтеуін қамтамасыз ету мақсатында соманы ұстап қалу) Банк көрсетілген ақша сомасын Коммерсанттың Банкте ашылған кез келген шоттарынан тыйым салынбаған кез келген тәсілмен алуға немесе сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін Банктің Коммерсантқа аударған ақшасынан ұстап қалуға құқылы.

4.4. Банкке ХТЖ санкция салғанға және оны Банктен ұстап қалғанға (қайтарғанға) дейін Банк есептен шығарған Транзакция сомасы ХТЖ талаптарында Транзакциялар бойынша санкциялар белгілеу үшін көзделген мерзімдерде Банктің шоттарында есепке алынады. Егер Транзакциялар бойынша санкциялар белгілеу үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер өткенге дейін мұндай санкциялар қолданылса, сома Банктен ұсталатын болса, Банк Транзакция сомасын ХТЖ-ға Шартқа сәйкес алынған/ұсталған қаражаттың есебінен өтейді және Шартта белгіленген тәртіпте өзінің басқа құқықтарын жүзеге асырады. Егер Транзакциялар бойынша санкцияларды белгілеу үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер өткеннен кейін Банкке мұндай санкциялар қолданылмаса, сома Банктен ұсталмайтын болса немесе ХТЖ сомасын Шартқа сәйкес Банк алған/ұстап қалған Транзакцияның санкцияланғандығын мойындаса, Банк алынған/ұстап қалған ақшаны қайтаруға міндеттенеді.

4.5. Коммерсант Коммерсанттың шотында Шарттың 4.3 тармағына сәйкес өз міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті ақша сомасының болуын қамтамасыз етеді немесе Банктен мұндай талапты алғаннан кейін дереу Шартта көрсетілген деректемелер бойынша оларды Банк шотына аударады.

4.6. Банктің Коммерсанттың шотына Транзакциялар бойынша ақшаны аударуы бұндай Транзакциялардың нақты және даусыз санкцияланғандығын мойындау болып табылмайды. Бұндай Транзакциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және ХТЖ қағидаларына сәйкес жарамсыз: санкцияланбаған, Фрод, өзге заңсыз деп танылуы мүмкін, оның ішінде белгіленген ХТЖ қағидаларына сәйкес осындай Транзакцияларды даулау мүмкіндігінсіз деп танылуы мүмкін. Шартқа қосыла отырып, Коммерсант Транзакцияларды жарамсыз: санкцияланбаған, Фрод, өзге заңсыз деп тану ықтималдығына байланысты барлық тәуекелді өз мойнына алады және Банк Chargeback алған жағдайда (немесе егер Банк Эмитент банк болып табылса, бастамашылық еткен жағдайда), Карточка ұстаушының шотынан Коммерсанттың нұсқауы бойынша Банк Карточка ұстаушыға қайтарған ақшаны шартсыз қайтаруға міндеттенеді.

4.7. Банк осы Шартта белгіленген тәртіпте соманы алуды (есептен шығару) жүзеге асыру кезінде алынған (есептен шығарылған) сома валютасы Банк қайтарған сома валютасына сәйкес келмесе, Банк алынатын/есептен шығарылатын ақша сомаларын осындай операция жасалған кезде қолданыста болған Банктің шетел валютасын сатып алу/сату бағамы бойынша Карточка ұстаушыға қайтарылған соманың валютасына айырбастайды.

- 4.8. Банк санкцияланғандығы, заңдылығы, жарамдылығы күмән тудыратын Транзакцияларды анықтаған жағдайда, Банк бұндай Транзакциялар бойынша ақша аударуды тоқтатуға құқылы. Ақша аударуды тоқтату Транзакцияның санкцияланғандығын зерттеу мерзімінде, Транзакция жасалған сәттен бастап 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн ішінде немесе ХТЖ қағидаларына сәйкес мерзімде жүзеге асырылады. Коммерсанттың шотындағы ақшаға иелік етуге қатысты бөлігінде осы Шарт Коммерсантпен бекітілген банктік шот шартының талаптарын толықтырады, оған сәйкес Коммерсант шоты ашылған және жүргізіледі.
- 4.9. Егер Chargeback сомасы немесе Коммерсантқа қатысты мәлімделген Фрод сомасы көрсетілген проценттік қатынас асқан күннің алдындағы бір айдағы Коммерсанттың барлық транзакциясы сомасының 1% (бір процентінен) асатын болса немесе Банктің қалауы бойынша белгіленген басқа сомадан асатын болса, Банк Транзакцияларды өңдеуді, сонымен қатар Коммерсанттың шотына 180 (жүз сексен) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге немесе ХТЖ ережелеріне сәйкес басқа мерзімге ақша аударуды тоқтата тұруға құқылы.
- 4.10. Банк Коммерсант тарапынан Карточкалық операциялар және ол бойынша өзара есеп айырысу бойынша талаптарды операция жүргізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, егер ХТЖ қағидаларында бұдан қысқа мерзім қарастырылса, осындай ХТЖ қағидаларында белгіленген мерзімде қабылдайды. Банктің Коммерсант тарапынан операциялар және ол бойынша өзара есеп айырысу бойынша талаптарды белгіленген мерзімде алмауы Коммерсанттың осы операция бойынша төлем сомасын алғандығын растау болып саналады.
- 4.11. Банк ХТЖ қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін Коммерсант тарапынан қойылған талаптар үшін жауап бермейді.

## 5. ЖАРАМСЫЗ ТРАНЗАКЦИЯЛАР

### 5.1. Транзакция жарамсыз деп танылады, егер:

- 5.1.1. Транзакция Қосылу туралы өтініште көрсетілмеген ХТЖ карточкасын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып жүргізілсе;
- 5.1.2. Транзакцияға Эмитент банк ХТЖ арқылы, Банк немесе Карточка ұстаушы Фрод ретінде наразылық білдірсе;
- 5.1.3. Эмитент банк ХТЖ арқылы немесе Карточка ұстаушы Банк арқылы наразылық білдірген транзакциялар бойынша Коммерсант ХТЖ қағидалары немесе Банктің көзқарасы бойынша Коммерсанттың әрекеттерінің заңдылығын растайтын құжаттарды ұсына алмайтын болса;
- 5.1.4. Транзакцияны Эмитент банк және/немесе ХТЖ Фрод деп жарияласа;
- 5.1.5. Осы Шарттың талаптарын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жасалса;
- 5.1.6. Транзакция жүргізілген күні Карточканың жарамдылық мерзімі аяқталса;
- 5.1.7. Интернет-сайттағы Карточка ұстаушы Карточка деректерін пайдалана отырып төлеген тауардың/жұмыстың/қызметтің құны қолма-қол ақшамен төленген кезде тауар/жұмыс/қызмет құнынан асатын болса;
- 5.1.8. Транзакция жүргізу кезінде Эмитент банктен авторизациялау коды алынбаса;
- 5.1.9. Сату чегінде көрсетілген мәлімет Коммерсант Банкке ұсынған Транзакция деректеріне сәйкес келмесе;
- 5.1.10. Шарттың 7.3.15 тармағында көрсетілген талаптар бұзылса;
- 5.1.11. Транзакцияны жүргізу кезінде пайдаланылған интернет-сайт Шартта көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе;
- 5.1.12. Коммерсантта Карточка Ұстаушыға тауарды/жұмысты/қызметтерді сату фактісін растайтын құжат болмай, нәтижесінде Транзакция жүргізілсе;
- 5.1.13. Транзакцияларды немесе Авторизациялау сұраныстарын Банктің мониторинг жүйесі күдікті деп таныса;
- 5.1.14. Тауар/жұмыс/қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасын және/немесе ХТЖ қағидаларын бұза отырып сатылса;
- 5.1.15. Транзакция Эмитент банк және/немесе ХТЖ Транзакцияларды жүзеге асыруға тыйым салған Карточканың деректемелерін пайдалана отырып жүргізілсе;
- 5.1.16. Жүргізілген Транзакция бойынша Коммерсанттың қызметкерлері тарапынан құқыққа қайшы әрекеттер жасалғаны анықталса;
- 5.1.17. Карточканы немесе оның деректемелерін пайдалана отырып төленген тауар Коммерсантқа қайтарылған немесе жеткізілмеген болса, қызметтер/жұмыстар тоқтатылып немесе Карточка ұстаушыға көрсетілмей/орындалмай, бірақ Карточка ұстаушыға ақша қайтарылмаса (егер тауар/жұмыстар/қызметтер қабылданбаса немесе тауарды қайтару, жұмыстардан/қызмет көрсетуден бас тарту Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Коммерсанттың жұмыс істеу қағидаларында көзделмеген жағдайда және бұл туралы мәміле жасалғанға дейін Карточка ұстаушыға хабардар етілсе);
- 5.1.18. Карточканы ұстаушы бұрын төлеген тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысы, оның ішінде басқа тәсілмен (құжаттамалық растамасы бар) қайта төленсе;
- 5.1.19. Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ-да белгіленген өзге де жағдайларда.

## 6. ТРАНЗАКЦИЯЛАРДЫ ЖОЮ

- 6.1. Егер Карточка ұстаушы бас тартса, тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу үшін Карточка ұстаушының шотында бұғатталған ақшаны алу жүзеге асырылмаса, Коммерсант Карточка ұстаушының өтініші негізінде ЭКС-

ке хабарлама жолдау арқылы Транзакцияның күшін жоюға бастамашылық жасайды.

6.2. ЭКС-тен Транзакцияның күшін жою туралы ақпаратты алған жағдайда, Эмитент банк Авторизацияны тоқтатады (Карточка ұстаушының Карточкалық жүйесіндегі Шоттағы ақшаны бұғаттан босатуды жүргізеді).

6.3. Авторизацияны тоқтату немесе бас тарту сәтті жүргізілгендігі туралы ақпаратты алған жағдайда, ЭКС Коммерсанттың жеке кабинетінде жүргізілген Транзакция статусын өзгерту арқылы Коммерсантқа хабарлайды.

6.4. Егер Карточка ұстаушы тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу үшін Карточка ұстаушының шотынан ақша алғаннан кейін Транзакциядан бас тартса, Транзакцияның күшін толық немесе ішінара жоюды Коммерсант ЭКС-ке хабарлама жолдау арқылы Транзакцияны тоқтату арқылы жүзеге асырады. Өздігінен тоқтату мүмкін болмаған жағдайда, Коммерсант Банкке Банкпен келісілген мерзімде өтемақы сомаларынан есептен шығарылған ақшаны Карточка ұстаушыға қайтару туралы жазбаша нұсқау жібереді, егер Банк Транзакцияны жоюдың осындай тәсілін келіскен болса.

## **7. БАНКТИҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **7.1. Банк міндеттенеді:**

7.1.1. Шарт бекітілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Коммерсантты Интернет эквайрингіге қосуға;

7.1.2. Шартта белгіленген мерзімде Коммерсантқа төленетін Шартта белгіленген Банктің комиссиялық сыйақысын шегерумен Коммерсанттың шотына Карточка ұстаушының шотынан ақша аударуға;

7.1.3. Банктің тікелей бақылауында болатын, Карточканы немесе оның деректемелерін пайдалану арқылы төлемдерге Авторизация жасауға арналған Банктің техникалық жүйелері мен құрылымдық бөлімшелерінің тәулік бойы жұмыс істеп тұруын қамтамасыз етуге;

7.1.4. Шартқа сәйкес Банк Карточка ұстаушыдан алатын ақпараттың өту қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

7.1.5. Банк шығарған Карточкаларды ұстаушыларға тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу үшін Төлем карточкаларын пайдалану мүмкіндігі туралы хабарлауға;

7.1.6. Төлемдерді авторизациялауға қажетті байланыс арналары мен бағдарламалық жасақтаманың болуын қамтамасыз етуге;

7.1.7. Транзакция нәтижелерімен электрондық хабарламалардың жіберілуін қамтамасыз етуге;

7.1.8. Коммерсантты анықталған, Банктің пікірінше, оларда рұқсат етілмегендік және алаяқтық белгілері бар деп танылған Транзакциялар туралы Коммерсанттың сауалнамасында көрсетілген электрондық адресіне мұндай Транзакциялардың толық деректерін көрсете отырып, хабарлама жолдау арқылы хабардар етуге;

7.1.9. Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын уақытында және толық көлемде орындауға;

7.1.10. Операциялар бойынша есептерді олар жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде сақтауға;

7.1.11. Ақпаратты рұқсатсыз алуды болдырмау, Карточка ұстаушылардың құпия деректерінің Интернет желісі арқылы сырттан рұқсатсыз өтуге, Банк қызметкерлерінің құпия ақпаратқа ішкі қол жетімділігіне байланысты жариялануын болдырмау мақсатында Банктің желілік инфрақұрылымын сенімді қорғауды қамтамасыз етуге;

7.1.12. Интернет-сайт арқылы Карточка деректемелерін қолдана отырып, оның ішінде Карточка деректемелерін енгізуді қамтамасыз ету арқылы тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу операцияларын жүргізуді қамтамасыз етуге. Карточкалар деректемелерінің тізбесі ХТЖ қағидаларына сәйкес белгіленеді;

7.1.13. PCI DSS стандартының барлық қолданыстағы талаптарын орындауға.

### **7.2. Банк құқылы:**

7.2.1. Кез келген уақытта, өз қалауы бойынша, Коммерсантты тексеруге (қызметін тексеруге), сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей Коммерсанттан Коммерсанттың қызметінің түрлері, интернет-сайт, акционерлер (қатысушылар/құрылтайшылар, бенефициар меншік иесі туралы деректер, Коммерсанттың қызметін жүзеге асыруға рұқсатының бар-жоғы (қолданыстағы заңнамаға сәйкес талап етілсе) туралы ақпаратты, ХТЖ талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, айналымдардың болуы, айналымдарды бұрын мәлімделген айналымдармен салыстыру, осы айналымдар бойынша тарифтердің, қызмет көрсетілетін карточкалар түрлерінің сәйкестігін анықтау үшін мәліметтерді және кез келген басқа қажетті ақпаратты сұратуға;

7.2.2. Егер Банк Chargeback алса (немесе бастамашылық етсе, егер Банк Эмитент банк болса), Коммерсанттан Коммерсанттың тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сату бойынша міндеттемелерді орындағанын растайтын құжаттарды талап етуге;

7.2.3. Шарттың 4-бөлімінде көрсетілген Транзакциялар бойынша, жарамсыз: санкцияланбаған, Фрод, өзге заңсыз немесе Коммерсанттың Шарт талаптарын бұза отырып жүргізген немесе егер Банк Транзакциялар сондай деп күдіктенсе, Коммерсанттың шотына ақша аудармауға, осындай Транзакциялардың сомасын Банк Коммерсантқа сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін аударатын ақшадан ұстап қалуға немесе сөзсіз және даусыз тәртіпте (Коммерсанттың қосымша келісімдерін алусыз) Коммерсанттың Банкте ашылған кез келген банктік шотынан ақшаны есептен шығаруға (алуға) немесе Шартта белгіленген басқа тәртіпте Банктің талаптарын қанағаттандыруға;

7.2.4. Шартқа сәйкес Коммерсанттың шотына ақша аудармауға, Банктің Коммерсантқа сатылған тауарлары/жұмыстары/қызметтері үшін аударатын ақшадан соманы ұстап қалуға немесе сөзсіз және даусыз

тәртіпте (Коммерсанттың қосымша келісімдерін алусыз) Коммерсанттың Банкте ашылған кез келген банктік шотынан ақшаны есептен шығаруға (алуға) немесе Банктің талаптарын Шартта белгіленген басқа тәртіпте Коммерсанттың Шарт талаптарын бұзуына байланысты Банк қойған тұрақсыздық айыбы, залалдардың сомасында, Банкке ХТЖ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, сот/құқық қорғау органдары және/немесе өзге де уәкілетті органдар Коммерсанттың Шарт талаптарын, сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарын немесе ХТЖ белгілеген қағидаларды бұзуына байланысты салған айыппұл, алым және тұрақсыздық айыбы сомасында қанағаттандыруға;

7.2.5. Коммерсант жүзеге асыратын операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, ХТЖ қағидаларына, Шартқа сәйкестігін тексеру мақсатында Коммерсанттан кез келген құжат пен ақпаратты ұсынуын талап етуге;

7.2.6. Интернет-сайтты Карточкалық жүйеден дереу ажыратуға, егер Банк Коммерсанттың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына/ХТЖ қағидаларына сәйкес айналымда тыйым салынған немесе шектеу қойылған тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатумен байланысты екенін анықтаса, егер мұндай қызмет бойынша операцияларға қызмет көрсету үшін Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына/ХТЖ қағидаларына сәйкес қажетті рұқсатнамалары болмаса немесе авторлық құқықты бұза отырып және (немесе) тауар таңбаларын құқық иесінің рұқсатынсыз пайдалану арқылы, ХТЖ тауар белгілерінің (қызмет көрсету белгілерінің) беделін түсіретін тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сататын болса, сондай-ақ Банк Транзакциялардың заңды екеніне күдіктенсе және басқа да жағдайларда Банктің қарауы бойынша. Бұл ретте Банк Коммерсанттың сауалнамасында көрсетілген Коммерсанттың электрондық пошта адресіне немесе басқа қолжетімді байланыс арналары арқылы Коммерсантқа хабарлама жібереді;

7.2.7. Интернет-сайт арқылы жүргізілген Транзакциялардың (Коммерсантты тарту кезінде мәлімделген) көлемі жеткіліксіз болған жағдайда, осы Шартқа қосымша келісім жасасу арқылы Қосылу туралы өтініште көзделген Транзакцияларды төлеу кезінде Банк ұстап қалатын комиссияны көбейтуге бастамашылық жасауға;

7.2.8. Қосылу туралы өтініште көрсетілгендерді қоспағанда, Шартқа, сонымен қатар Шартқа сәйкес көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге біржақты тәртіпте өзгерістер/толықтырулар енгізуге, бұл ретте мұндай өзгерістер күшіне енуіне 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда бұл туралы Коммерсантқа осындай өзгерістерді (жаңа нұсқасын қоса алғанда) Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) ресми сайтында орналастыру арқылы алдын ала хабарлау керек, бұған Қазақстан Республикасының заңнамасымен біржақты өзгертуге тыйым салынған жағдайлар қосылмайды.

Осы тармақта белгіленген тәртіпте Шартқа өзгерістер/толықтырулар енгізу туралы ақпарат жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткеннен кейін мұндай өзгерістер/толықтырулар күшіне енеді;

7.2.9. Қосылу туралы өтініште көрсетілгендерді қоспағанда, Шартқа, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге өзгерістер/толықтырулар енгізуге, оларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен біржақты өзгертуге тыйым салынады, бұл ретте, бұл туралы осындай өзгерістерді/толықтыруларды (жаңа нұсқасын қоса алғанда) енгізуге 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) ресми сайтында ақпарат орналастыру арқылы Коммерсантқа хабарлау керек, Коммерсанттың үнсіздікпен еркін білдіруі негізге алынады. Банк осы тармаққа сәйкес өзгертулер/толықтырулар енгізілгендігі туралы хабарламаны жариялаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Коммерсанттың Шартқа, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге өзгерістерді/толықтыруларды қабылдамау туралы жазбаша өтінішті ұсынбауы оның ерік білдіруі болып табылады және Коммерсанттың осындай өзгерістер/толықтырулармен келісетіндігін білдіреді;

7.2.10. Заңдылығы күдік туғызатын Карточкаларды немесе оның деректемелерін пайдаланумен жүзеге асырылған операцияларды анықтау және алаяқтық операциялардың алдын алу бойынша шаралар қабылдау мақсатында Банк мыналарға құқылы:

1) Карточкалық жүйеге келіп түсетін Интернет-сайт арқылы жүргізілетін операцияларды авторизациялауға арналған сұраныстардағы ақпаратқа мониторинг (талдау) жүргізуге;

2) Интернет-сайт арқылы сатылатын тауарлар/жұмыстар/қызметтердің тізбесін ақпараттың сәйкестігіне тексеру үшін мониторинг (талдау) жүргізуге;

7.2.11. Шартқа сәйкес, Интернет-сайт арқылы операциялар жүргізуге Тәуліктік лимит белгілеуге;

7.2.12. Соңғы Транзакция жасалған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде Шарт бойынша Транзакциялар болмаған жағдайда, Коммерсантты хабардар ете отырып, Шартты соттан тыс біржақты тәртіпте бұзуға;

7.2.13. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген жағдайларда Коммерсанттың қызметі туралы ақпаратты құқық қорғау органдарына беруге;

7.2.14. Осы Шартта көзделген тәртіпте және жағдайларда Коммерсанттан Банк белгілеген нысанда жазбаша растауды ұсынуын талап етуге (*транзакциялар шетел валютасында жасалған кезде қолданылады, егер мұндай есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда*).

7.2.15. Коммерсанттың Шартқа қосылуымен оның банктік шотынан ақшаны есептен шығаруға алдын ала келісімі негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген жағдайларда Коммерсанттың Шотынан, сондай-ақ Коммерсанттың Банкте ашылған кез келген басқа банктік шотынан Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақша алуға;

7.2.16. Алаяқтық Транзакциялар туралы күдік туындаған жағдайда, Банк келесі әрекеттерді жасаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Коммерсантты жазбаша хабардар ете отырып, келесі әрекеттерді біржақты жүргізуге құқылы:



- барлық жағдаяттарды анықтағанға дейін Коммерсанттың құрылғысын бұғаттауға;
- Тәуліктік лимит мөлшерін өзгертуге;
- ақшаны есептеу мерзімін өзгертуге;
- Карточкаларға шектеулер белгілеуге;
- Шарттың 3.18. тармағында көрсетілген қосымша сервистерді (баптауларды) бұғаттауға.

7.2.17. Келесі жағдайларда операцияны тоқтата тұруға және/немесе бас тартуға:

1) егер осы операцияның/мәміленің немесе міндеттемелердің бір тарапы (тараптары) келесілер болса:

- а) Тізбеге енгізілген ұйым немесе тұлға;
- б) Тізбеге енгізілген ұйымдардың немесе тұлғаның тікелей немесе жанама түрде меншігіндегі немесе бақылауындағы заңды тұлға;
- в) Тізбеге енгізілген ұйымдардың немесе тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;

г) халықаралық ұйым немесе шетел мемлекеті анықтаған қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату мен терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/орналасқан тұлға немесе егер осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;

2) егер Коммерсант жасайтын операцияларды зерделеу барысында операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік туындаса;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарында белгіленген жағдайларда;

4) санкцияланбаған операциялар, Фрод, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа, ХТЖ қағидаларына сәйкес рұқсат етілмеген қызмет түрі немесе басқа күдікті белсенділік анықталғанда (жүргізілуі мүмкін деген күдік болғанда), Банкке сұратқан ақпаратты ұсынудан бас тартқанда, сондай-ақ егер операцияны тоқтату және/немесе жүргізуден бас тарту Банкке/клиентке/Карточка ұстаушыға залал келтіруді/ залалдың әрі қарай ұлғаюын, өзге қауіптерді болдырмау мақсатында және Банктің қалауы бойынша немесе ХТЖ сұранысы бойынша басқа жағдайларда;

5) Коммерсант тиісті түрде тексеріс жүргізу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынудан, деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және FATCA талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) тапсыруға келісім беруден бас тартқан жағдайда.

7.2.18. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайларда біржақты соттан тыс тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға және бұзуға, сондай-ақ:

- 1) Коммерсант туралы мәліметтің Тізбеде болуы;
- 2) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттемелердің бір тарапы/қатысушысы халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындайтын қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдері бар елде тіркелген/орналасқан тұлға болса немесе егер осы операцияны/мәмілені орындауға мұндай тұлға қатысса;
- 3) егер Коммерсант жасайтын операцияларды зерделеу барысында операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік туындаса;
- 4) егер Коммерсант қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мақсаттары үшін құжаттар мен ақпарат беруден бас тартса, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай жабуға жол берілмеген жағдайларды қоспағанда.

7.2.19. Коммерсанттың «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңның, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік актілерінің, ХТЖ қағидаларының, Шарттың талаптарын сақтауын бақылауды мерзімді түрде жүзеге асыруға;

7.2.20. Шартқа сәйкес, Интернет-сайт арқылы тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу кезінде қосымша сервистерді (баптауларды) орнатуға;

7.2.21. Банкке ХТЖ-дан жалпы алғандай да, сол сияқты жеке Коммерсантқа қатысты осындай ХТЖ төлем карточкаларының белгілі түрінің интернет-эквайрингін тоқтату туралы талаптар келіп түскен жағдайда, біржақты соттан тыс тәртіпте талап келіп түскен ХТЖ төлем карточкаларының тиісті түрінің интернет-эквайрингінен бас тартуға. Бұл ретте, Банк алған ХТЖ талабында көрсетілген күннен бастап Банктің осындай төлем карточкаларын қолдану арқылы жүргізілетін алдағы операциялар бойынша есептерді жүзеге асыру бойынша міндеттемелері тоқтатылады.

### **7.3. Коммерсант міндеттенеді:**

7.3.1. Коммерсант қызметінің заңды негіздерін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен талап етілетін барлық құжаттарға ие болуға;

7.3.2. Қосылу туралы өтініште көрсетілген, заңды Карточка ұстаушылары берген барлық жарамды ХТЖ төлем карточкаларын Интернет-сайт арқылы төлем жасауға қабылдауға;

7.3.3. Карточка ұстаушыларға қолма-қол ақшаны төлеу кезінде Коммерсанттың әдеттегі бағасынан аспайтын

бағамен тауарлар/жұмыстар/қызметтердің толық жиынтығын ұсынуға;

7.3.4. Жеке кабинетіне кіруге арналған өз логинін/құпиясөзін құпия ұстауға, жарияламауға/үшінші тұлғаларға бермеуге және олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға, олардың жоғалуына, ашылуына, көшірілуіне және рұқсатсыз пайдаланылуына жол бермеуге;

7.3.5. Жеке кабинетіне кіруге арналған логинін/құпиясөзін жоғалтқан/жариялаған/үшінші тұлғаларға берген жағдайда, бұл туралы дереу Банкке ауызша хабарлауға және Жеке кабинетінде логин/құпиясөзін ауыстыруды қамтамасыз етуге;

7.3.6. Жыл сайын ақпаратты қорғау бағдарламаларының талаптарына сәйкес жүргізілген PCI DSS стандартының талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелерін ұсынуға

- Visa: Account Information Security (AIS);
- MasterCard: Site Data Protection (SDP), тексерілетін ұйымның сертификаттау деңгейіне байланысты таңдалған PCI DSS стандартының талаптарына сәйкестігін тексеру әдістерін қолданумен;
- тексерілетін ұйым объектісінде PCI QSA компаниясы жүргізетін сыртқы QSA аудиті (ағылшын);
- өзін-өзі бағалау парағын толтыру (SAQ);
- желі периметрі бойынша осалдықтарды автоматтандырылған түрде ASV-сканерлеу;

7.3.7. Коммерсант қызметкерлерінің құпия ақпаратқа Интернет желісі арқылы сырттан, сондай-ақ іштен заңсыз қол сұғуымен байланысты, Карточка ұстаушылардың құпия деректерінің атына кір келудің алдын алу мақсатында, өз ұйымының желілік инфрақұрылымының сенімді қорғанысын қамтамасыз етуге. Коммерсантқа және/немесе оның қызметкерлеріне Коммерсантта орнатылған кез келген жүйелерде немесе ондай жүйелерден тыс жерде Авторизациялау сұраныстарының деректерін (Карточканың толық нөмірі, оның әрекет ету мерзімі, Карточканың артқы жағындағы құпия кодты) толығымен немесе ішінара сақтауға тыйым салынады;

7.3.8. Күн сайын Карточкалық операциялардың есебін жүргізуге. Банк есептеген және Карточкалық операциялар бойынша Коммерсантқа нақты тиесілі сомалары арасында айырмашылықтар болған жағдайда, Коммерсант мұндай айырмашылықтар туралы Карточкалық операциялар жүргізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке, Байланыс орталығына жүгіну арқылы немесе телефон арқылы Банкке хабарлайды;

7.3.9. 5 (бес) жыл ішінде Транзакция туралы ақпаратты және төлемді және Карточка Ұстаушының тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді алғандығын растайтын құжаттарды сақтауға;

7.3.10. Шартты орындау нәтижесінде белгілі болған Карточка ұстаушы туралы ақпаратты бермеуге немесе жарияламауға, сондай-ақ Карточканың деректемелерін кез келген түрде/формада сақтамауға, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей: Карточканың толық нөмірі, қауіпсіздік кодтары және тауарды/жұмыстарды/қызметтерді сату кезінде Коммерсантқа Карточка ұстаушыдан белгілі болған басқа деректемелер;

7.3.11. Шартта белгіленген мерзімде Банктің алғашқы жазбаша сұранысы бойынша (қағаз түрінде немесе электронды түрде Коммерсанттың сауалнамасында көрсетілген Коммерсанттың электрондық адресіне) тауарды/жұмыстарды/қызметті сату туралы растаушы құжаттарды Банкке ұсынуға;

7.3.12. Банкке Қосылу туралы өтініште көрсетілген мөлшерде және Шартта белгіленген тәртіпте комиссиялық сыйақыны сөзсіз төлеуге;

7.3.13. Банктің талап етуі бойынша Коммерсанттың қызметі туралы қажетті ақпаратты ұсынуға;

7.3.14. Коммерсанттың Банк талаптарына, ХТЖ нормаларына сәйкес келуін, сонымен қатар осы Шарт талаптарына сәйкес бірлесіп қызмет жүргізу мүмкіндігін анықтау мақсатында, Банктің талап етуі бойынша қажетті құжаттар пакетін ұсынуға;

7.3.15. Коммерсантқа белгілі болған, Интернет-сайтта болған Карточкалардың деректеріне рұқсатсыз қол сұғу деректері туралы тез арада Банкке хабарлауға;

7.3.16. Банкке шығын келтіру мүмкіндігінің алдын алу мақсатында 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органдардың Коммерсантқа қатысты келесідей шектеу сипатындағы шешім/әрекеттер қабылдағандығы туралы Банкке жазбаша хабарлауға:

- Коммерсантты мәжбүрлеп қайта құру немес тарату;
- Коммерсанттың кез келген банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтату;
- Коммерсанттың ақшасына және/немесе басқа мүлкіне тыйым салу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа шешімдер немесе әрекеттер.

7.3.17. Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес тіркеу куәлігін, хабарлама туралы куәлікті, келісімшарттың есептік нөмірін алуды және ұсынуды талап ететін, осы Шарт бойынша Карточка ұстаушылармен мәмілелер жасамауға;

7.3.18. Келесі талаптардың қатаң орындалуын қамтамасыз етуге:

- 1) Шарт шеңберінде түсетін шетелдік валютадағы төлемдер және (немесе) ақша аударымдары;
- 2) тіркеу куәлігін, хабарлама туралы куәлікті, келісімшарттың есептік нөмірін алуды талап ететін валюталық операцияларды жүзеге асырумен байланысты болмауы керек;
- 3) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландырумен және терроризм мен экстремизмге өзге де қатысумен байланысты болмауы керек;
- 4) Қазақстан Республикасының валюта заңнамасының талаптарын және Шарт талаптарын орындау мақсатында, Шарт шеңберіндегі әр төлемнің және (немесе) шетел валютасындағы ақша аударымының сомасы:
  - а) 10 000 (он мың) АҚШ долларынан немесе көрсетілген сома баламасындағы басқа шетел валютасындағы сомадан аспауы керек;

b) бейрезиденттен қабылданады *(Курсивпен көрсетілгені транзакцияларды шетел валютасында жүргізген кезде қолданылады, егер мұндай есептеу ҚР заңнамасында көзделсе)*.

7.3.19. Банктің талап етуі бойынша Банкке Шарттың 7.2.5. т-шасында қарастырылған құжаттарды беруге;

7.3.20. Банкке орналасқан жерінің, заңды мекенжайының, банктік деректемелерінің, құрылтай құжаттарының және Банкке ұсынылған басқа мәліметтерінің барлық өзгерісі туралы, бұндай өзгерістер болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға;

7.3.21. Банкке, Байланыс орталығына жүгіну арқылы немесе телефон арқылы хабарласып, Шарт бойынша қолданылатын бағдарламалық жасақтаманың/сервистердің істен шығуы/тоқтап қалуы туралы Банкке хабарлауға;

7.3.22. Коммерсанттың бағдарламалық жасақтамасын, сервистерді жақсарту бойынша жөнге келтіру/жоспарланған жұмыс туралы жұмыс басталардан 3 (үш) күн бұрын Банкке алдын ала хабарлауға;

7.3.23. Сатып алушыларға тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатуға дейін және одан кейін тауарлар/жұмыстар/қызметтер ұсынылатын барлық тілде дербес қолдау көрсетуге, клиенттермен жұмыс жасау қызметінің байланыс ақпаратын немесе сауда офисінің байланыс ақпаратын өз веб-сайтында және/немесе өз Сауалнамасында нақты көрсетуге;

7.3.24. 3D-Secure хаттамасын қолдану арқылы төлемдерді қабылдауға;

7.3.25. Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын орындауға, сонымен қатар Банктің ақпараттық активтерінің сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдауға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті бұзу, сондай-ақ Банктің ақпараттық жүйелерінің жұмысындағы ақаулар және Коммерсанттың және/немесе үшінші тұлғалардың араласуынан туындаған олардың қауіпсіздігінің бұзылуы салдарынан туындаған залалды Банкке Шартта белгіленген тәртіпте өтеуге;

7.3.26. Карточка ұстаушының мәлімделген сипаттамаларына немесе сипаттамаға сәйкес келмейтін сапасыз және/немесе толық емес тауарды/жұмыстарды/қызметті алудан бас тартқан жағдайда немесе тауар/жұмыстар/қызмет белгіленген мерзімде сатылмаса, Карточка ұстаушының қайтарылған тауар/жұмыс/қызмет үшін төленген ақшаны қайтару туралы талаптарын, Банкті қайтару рәсіміне тартпай-ақ дербес шешуге, егер Тараптардың келісімімен өзгеше көзделмесе;

7.3.27. Осы Шартта көзделген тәртіпте және жағдайларда Банк белгілеген нысанда жазбаша растауды ұсынуға және осындай жазбаша растау талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге *(транзакцияларды шетел валютасында жүргізген кезде қолданылады, егер мұндай есептеу ҚР заңнамасында көзделсе)*;

7.3.28. ХТЖ-да қабылданған барлық диспуттық құралдарды/диспуттық процестің (Транзакцияларды даулау процесінің) циклдерін растаушы құжаттар ретінде тануға, мысалға: Retrieval request, Chargeback, pre-arbitration, preresponse, arbitration, compliance және басқалар; ХТЖ-нің өзі, сол сияқты қатысушылары Банкке жіберген факсимильді хабарламалар, электронды хаттар, сонымен қатар Банкке Карточканы шығарған эмитент банк берген операциялардың жарамсыз екенін көрсететін талаптар/хабарламалар: Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және ХТЖ қағидаларына сәйкес, санкцияланбаған, Фрод, басқаша заңсыз деп танылған;

7.3.29. Банктің ХТЖ/мемлекеттік органдарға тиісті емес Транзакциялар сомасын, айыппұлдар, басқа шегерімдер және Коммерсанттың қызметімен байланысты немесе негізделген кез келген басқа да шығындарды төлеуіне байланысты Банк шеккен залалдарды толық өтеуді қамтамасыз етуге;

7.3.30. Шарт бұзылған күннен бастап 365 (үш жүз алпыс бес) күнтізбелік күн ішінде немесе ХТЖ белгіленген Транзакциялар бойынша талаптарды беру үшін басқа (ұзағырақ) мерзімде ХТЖ және/немесе эмитенттердің және/немесе Карточка ұстаушылардың талаптары бойынша Банк шоттарынан есептен шығарылатын барлық ақшаны тиісті Банкке төлеуге, Коммерсанттың Шарттың ережелерін, сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарын немесе ХТЖ белгілеген қағидаларды бұзуына байланысты, ХТЖ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, сот/құқық қорғау органдарының және/немесе басқа уәкілетті органдардың Банкке салған айыппұлдардың, алымдардың және тұрақсыздық айыбының құжатпен расталған сомаларын Банк мұндай төлем туралы талапты жолдағаннан кейін дереу төлеуге;

7.3.31. Қолданылатын жағдайларда Банкке Коммерсант қызметінің сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға, белгіленген тәртіпте авторизациялау сұраныстарының деректерін (төлем карточкасының толық нөмірі, оның қолданылу мерзімі, төлем картасының артқы жағындағы құпия код және басқа да деректемелерді) сақтау бөлігінде;

7.3.32. Үшінші тұлғаларға сеніп беру құқығынсыз, Шартта көзделген әрекеттерді жасауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында сенім білдіруге рұқсат етілетін жағдайларды қоспағанда;

7.3.33. ақпаратты рұқсатсыз алудан қорғауды қамтамасыз етуге;

7.3.34. Банктің өтініші бойынша, Фродты, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға жол бермеу үшін, Коммерсант жүргізетін операцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына, ХТЖ қағидаларына сәйкестігін тексеру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

7.3.35. Шарттың 3.18-тармағында көрсетілген қосымша сервистің (баптаудың) өшірілгені туралы 3 (үш) жұмыс күні бұрын Банкке еркін жазбаша нысанда хабарлауға;

7.3.36. Шарттың басқа талаптарын орындауға, Қазақстан Республикасы заңнамасының, ХТЖ қағидаларының талаптарын сақтауға.

#### **7.4. Коммерсант құқылы:**

- 7.4.1. Банктен міндеттерін тиісті түрде орындауын талап етуге;
- 7.4.2. Коммерсантта жүргізілген Карточкалық операциялар бойынша үзінді көшірмелерді алуға (Коммерсанттың талабы бойынша);
- 7.4.3. Шартты бұзуға, бұл ретте, Шарт бұзылатын күннен кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын Банкке жүгіну арқылы еркін жазбаша нысанда Банкке хабарлауға;
- 7.4.4. Қосымша сервистерге (баптауларға) қосылудан бас тартқан жағдайда, қосылудан бас тарту туралы хабарламаны алғаннан кейін 3 (үш) күнтізбелік айдан ерте емес уақытта қайта өтінім беруге.

## **8. ҚҰПИЯЛЫҚ**

- 8.1. Тараптар келіссөздер жүргізу, Шарт бекіту және орындау барысында екінші Тараптан алынған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпараттың құпия мәліметтерін, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын дербес деректерді құрайтын ақпаратты жарияламауға міндеттенеді (Шарттың мәтіні бойынша - «Құпия ақпарат»).
- 8.2. Егер Тарап Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жария еткісі келсе, онда ол бұл туралы мұндай құпия ақпараттың иесі болатын екінші Тарапты хабардар етіп, Құпия ақпаратты жария етуге алдын ала жазбаша келісін алуы тиіс, сондай-ақ үшінші тараптан өзіне берілген Құпия ақпаратты жария етпеу талаптарын орындау туралы жазбаша міндеттемені алуы тиіс, сондай-ақ дербес деректерден құралатын ақпаратқа, үшінші тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын құпияға қатысты Шарттың 8.6-т. талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге.
- 8.3. Тараптар Шарттың осы бабының 8.2. тармағын сақтамай Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді, бұған Банк мұндай ақпаратты контрагенттеріне берген жағдайлар қосылмайды, бұл ретте осындай тұлғалармен мәні контрагенттердің құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламау туралы міндеттемелерін қабылдауы болып табылатын шарт жасасу керек (дербес деректерден құралатын ақпаратқа, үшінші тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын құпияға қатысты, Шарттың 8.6-т. талаптары орындалса), сондай-ақ мұндай ашу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың сұраныстары негізінде жүзеге асырылатын жағдайларда.
- 8.4. Тараптардың қызметкерлері бір-бірінің Құпия ақпаратымен тек Шарттың мақсаттарына жету үшін қажет деңгейде таныс болуы керек.
- 8.5. Құпиялық туралы талаптар мерзімсіз сақталады.
- 8.6. Шартқа қол қою арқылы Коммерсант Банкке Коммерсантқа қатысты жеке деректерді және басқа құпия ақпаратты өңдеу үшін, оның ішінде Банк өз қалауы бойынша қажет деп санайтын кез келген мақсатта пайдалану үшін өзінің сөзсіз және қайтарымызсыз келісін береді. Тараптардың Тараптарға мәлім болған үшінші тұлғалар туралы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын осындай тұлғалардың дербес деректері болып табылатын ақпаратты кез келген түрде ұсынуы беруші Тарап осындай ақпаратты беру үшін (өңдеу үшін, оның ішінде тиісті мақсаттарда пайдалану үшін) үшінші тұлғалардан тиісті келісімді алғаннан кейін және осындай келісімде көрсетілген көлемде жүзеге асырылады. Банк анықтаған қажеттілік жағдайында Коммерсант дербес деректер субъектілерінен жинап алған дербес деректерді жинау және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке, тапсыруға, Банктің дербес деректердің өңдеуге келісімдердің бар болуын құжаттамалық растауды ұсынады, ал егер олардың бар болуын құжаттамалық растау мүмкін емес болса, онда бұл келісімдерді жинап алып, кейін олардың жиналғанын Банкке растайды. Дербес деректерді жинау және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке, тапсыруға, Банктің дербес деректердің өңдеуге келісімдердің жоқ болуы үшін жауапкершілікті Коммерсант көтереді. Егер дербес деректер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылатын болса, Коммерсант Банктің талабы бойынша, Банк көтерген барлық шығынды және зиянды өтеуге міндеттенеді.
- 8.7. Банк Коммерсанттың қосымша келісінсіз Коммерсанттың атауын (занды және сауда)/сауда белгісін/логотипін, сонымен қатар клиенттермен байланыс орнатуға арналған оның байланыс деректерін (телефондары, мекенжайы, соның ішінде веб сайт мекенжайларын) өзінің кез-келген публикацияларында және жарнамалық материалдарында пайдалануға құқылы, егер бұл қолдану Банктің пікірі бойынша орынды болса. Шартқа қол қоя отырып, Коммерсант өз уәкілетті тұлғаларының тұлғасында Коммерсанттың атауын/сауда белгісін/логотипін/байланыс деректерін Банктің кез-келген публикацияларында және жарнамалық материалдарында қолдануға Банкке ресми жазбаша келісін береді.

## **9. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

- 9.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Шарт талаптарына сәйкес, ал онымен реттелмеген бөлігінде - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.
- 9.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған Тарап тез арада бұл бұзушылықтарды жоюы тиіс.
- 9.3 Шарттың 8-бабының талаптары бұзылған жағдайда, кінәлі Тарап екінші Тарапқа Құпия ақпаратты жариялау нәтижесінде туындаған құжатпен расталған барлық шығынның орнын толтыруға міндетті.
- 9.4. Банк Қазақстан Республикасының күшіне енген нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуіне байланысты Жалпы талаптардың өзгеруі үшін жауап бермейді.

9.5. Бағдарламалық жасақтамаға, жүйелерге/қашықтықтан қол жеткізу жүйелеріне үшінші тұлғалардың рұқсатсыз өтуі нәтижесінде Тарапқа келтірілген шығындар үшін жауапкершілік кінәлі тарапқа жүктеледі.

9.6. Тұрақсыздық айыбы сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.7. Коммерсант Банк алдында Шартта белгіленген тұрақсыздық айыбы сомасынан асатын мөлшерде Коммерсант өтеген, келтірілген залалдың толық көлемінде жауапты болады.

9.8. Коммерсант Шартта қарастырылған міндеттемелерді толық немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Коммерсант Банктің талабы бойынша Банк анықтаған әр бұзушылық фактісі үшін 100 (бір жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді, егер нақты бұзушылық бойынша тұрақсыздық айыбының басқа мөлшері Шартпен бөлек белгіленбесе. Шағымдар реттелгенге дейін Банк Шарт бойынша есеп айырысуды уақытша тоқтатуға құқылы. Банк Шарт бекіткен тәртіпте шығындарды өтеу және тұрақсыздық айыбын төлеу сомалары бойынша талаптарды қанағаттандыруға құқылы.

### **9.9. Коммерсант келесілер үшін жауапты:**

9.9.1. Шарттың 8-тармағының бұзылуына әкеп соққан әрекеттер үшін;

9.9.2. Шарт талаптарының бұзылуына, шығын немесе Банктің іскерлік беделіне нұқсан келтіруге немесе Банкті Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ қағидаларында қарастырылған жауапкершілікке тартуға алып келген өз персоналының/контрагентінің әрекеті/әрекетсіздігі үшін, Коммерсант қызметінің салдарынан пайда болған, ХТЖ тарапынан Банкке салынған барлық өндіріп алу/айыппұлды қоса және Банкке әр бұзушылық үшін 200 (екі жүз) АЕК мөлшеріндегі айыппұлды төлеумен;

9.9.3. Шартқа сәйкес құжаттарды тапсыру мерзімін бұзғаны үшін.

9.9.4. Коммерсант қызметінің салдарынан пайда болған Карточка ұстаушыларға қызмет көрсетумен байланысты Карточка ұстаушылардың даулары және басқа да сұрақтары, әр Транзакция үшін, жіберілген жарамсыз үшін: рұқсат етілмеген, Фрод, басқа да заңсыз операциялар, Банкке ХТЖ арқылы қойылған Эмитент банктердің шағымдары немесе Коммерсанттың Эмитент банктердің карточкаларымен жүргізілген операцияларды жарамсыз деп таныған себептер бойынша тікелей Банкке қойылған шағымдар: рұқсат етілмеген, Фрод, басқа да заңсыз, шағымдарды даулау ХТЖ қағидаларымен қарастырылмаған Транзакцияларды қоса;

9.9.5. егер Коммерсант Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын бұзып, ал уәкілетті мемлекеттік органдар Банкке қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жауапкершілік шараларын қолданатын болса;

9.9.6. Коммерсант Шарттың ережелерін, Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын, ХТЖ қағидаларын бұзуы салдарынан ХТЖ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту бойынша агенттігі, сот/құқық қорғау органдары және/немесе басқа да уәкілетті органдар Банкке салған айыппұлдардың, алымдардың және тұрақсыздық айыбы сомаларының кез келген мөлшерін толықтай өтеуге міндеттенеді.

9.9.7. Коммерсант Карточка эмитенті Банкке қойған арызды немесе бұл эмитенттің Карточкаларымен жүргізілген операциялар фрод деп танылғаны туралы эмитенттің факсимильдік хабарламасын құжат ретінде тануға міндеттенеді, егер бұл карточка бойынша операциялар Коммерсантта жүргізілген болса және бұл операциялар фрод деп танылған болса (Карточка ұстаушы жүргізбеген).

9.9.8. Егер Коммерсант қызметкерлерінің/контрагенттерінің әрекет (-тері) немесе әрекетсіздігі (-діктері) Шарт ережелерінің бұзылуына, Банкке шығын және/немесе Банктің іскерлік беделіне нұқсан келтіруге немесе Банкті Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ қағидаларында қарастырылған жауапкершілікке тартуға алып келетін болса, Коммерсант қызметінің салдарынан пайда болған және Банкке ХТЖ тарапынан салынған барлық өндіріп алуды/айыппұлды толық өтейді, олардың сомасы Банк ұсынған жазбаша арызда көрсетіледі. Келтірілген шығын сомасы Банк және Коммерсант қол қойған келісу акті арқылы қайта қарастырылуы мүмкін. Банк және Коммерсант әр жағдай бойынша өтеудің тәртібін қарастырады, яғни Коммерсантқа тиесілі сомадан ұстап қалуы арқылы немесе Банк ұсынған шот бойынша төлем жүргізу арқылы. Шағымдар реттелгенше, Банк осы Шарт бойынша есеп айырысуды уақытша тоқтатуға құқылы.

9.9.9. Жіберілген Фрод үшін Коммерсант осы Шартта бекітілген тәртіпте Банктің шығынын өтейді, яғни Банкке ХТЖ арқылы қойылған эмитенттердің шағымдарды немесе Эмитент карточкаларымен жүргізілген операцияларды Коммерсантта фрод деп танылған себептермен Банкке тікелей қойылған арыздарды қоса.

9.9.10. Осы Шартқа қосыла отырып, Коммерсант оған және Банк немесе Банк арқылы өткізетін оның операцияларына (соның ішінде бірақ шектелмей, операцияның түрімен байланысты, Коммерсанттың тіркелген мемлекетімен және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының/акционерлерінің/қатысушыларыны, бенефициарлық иелерінің, еншілес және ассоциациялық ұйымдардың орналасқан мемлекетке, сонымен қатар аталмыш елдерге/аталмыш тұлғаларға немесе аталмыш елдерден/аталмыш тұлғалардан жүргізілетін төлемдер) қатысты шетелдік мемлекеттердің заңнамасымен және кез-келген мемлекеттің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялармен туындауы мүмкін шектеулер мен тыйым салуға байланысты барлық тәуекелдерді және салдарын (соның ішінде шығындарды және жіберіп алған пайданы) өзі көтереді. Банк бұл тәуекелдер және салдары үшін жауапты емес (соның ішінде жіберіп алған пайда үшін де).

9.9.11. Егер Банк Коммерсант кінәсі бойынша техникалық құралдарды қолдана алмаса, соның ішінде Коммерсанттың ақпараттық қауіпсіздік талаптарын орындамауынан туындаған жұмыстағы олқылықтар, Коммерсанттың ақпараттық қауіпсіздікті бұзуы салдарынан Банкке шығын келтіру, Банктің ақпараттық жүйелерінің бұзылуына және олардың қауіпсіздігін бұзуға бағытталған әрекеттерді жасау, соның ішінде Банктің

жүйелерімен интеграция жүргізу барысында және (немесе) Интернет-сайты қолдану немесе Коммерсанттың басқа да кірісуі салдарынан туындаған басқа да әрекеттер, Коммерсанттың әрекеттерімен туындаған, бағдарламалық қамтамасыз етудің құқық иеленушісімен жасалған шартта қарастырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдануды бұзу үшін Банкті жауапкершілікке тарту орын алса, Коммерсант Банктің хабарламасын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке әр факті бойынша шығында өтеуге және 200 (екі жүз) АЕК мөлшеріндегі айыппұлды төлеуге міндетті.

9.9.12. Коммерсанттың Шарт талаптарын тиісті орындамаудың өзге де фактілері бойынша.

9.9.13. ХТЖ-да Транзакциялар жасалған күннен бастап 540 (бес жүз қырық) күнтізбелік күн ішінде Эмитент банк Карточкалар арқылы жасалған Транзакциялар бойынша Chargeback рәсіміне бастама жасау құқығы қарастырылған. Коммерсант Банкке осындай Chargeback-ті қанағаттандыру бойынша шеккен шығындарды шартсыз тәртіпте төлеуге міндеттенеді.

9.9.14. Коммерсант Карточка ұстаушыға даудан бас тарту туралы өтінішпен немесе талабымен жүгіну арқылы өз қаржылық жауапкершілігін тапсырмауға немесе тапсыруды тырыспауға міндеттенеді, Карточка ұстаушыға даудан бас тарту туралы өтінішпен немесе талабымен жүгіну арқылы өз қаржылық жауапкершілігін тапсырмауға немесе тапсыруды тырыспауға Коммерсантқа рұқсат етпеуге міндеттенеді.

#### **9.10. Банк келесілер үшін жауапты емес:**

9.10.1. Банктің тікелей қарауында емес техникалық құралдардың істен шығуы, бағдарламалық жасақтаманың, қуат үнемдеу және мәліметтерді тасымалдау жүйелерінің дұрыс істемеуі үшін;

9.10.2. Коммерсант және Карточка ұстаушы арасында тауарды/жұмысты/қызметті сатуға байланысты туындайтын даулар мен келіспеушіліктер үшін;

9.10.3. Коммерсанттың Банкке төлем сомаларын аударуға арналған банктің деректемелерінің өзгергендігі туралы уақытында хабарламауы салдарынан төлемнің кешіктірілуі үшін;

9.10.4. Шартта қарастырылған жағдайларда Коммерсанттың шотына ақша аударылмағандығы үшін;

9.10.5. Авторизациялаудың оң нәтижесінің негізінде бұғатталған ақша сомасын шотқа түсіру мүмкін болмауы Карточканы жоғалтумен/бұғаттаумен/алып алумен немесе Карточка бойынша операцияны жабу/шектеумен айқындалған жағдайда, Коммерсанттың шотына ақша аудару мүмкін болмағаны үшін;

9.10.6. Транзакцияны жарамсыз деп тану салдары үшін: Шартқа сәйкес рұқсат етілмеген, Фродпен, басқа да құқықтық емес;

9.10.7. Төлемдерді 3D-Secure протоколын қолданбай қабылдау салдары үшін.

#### **10.ФОРС-МАЖОР**

10.1. Егер Тараптардың біріне Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға 10.2-тармақта көрсетілген еңсерілмейтін күш жағдайлары кедергі жасаса немесе кешіктірсе, онда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осындай жағдайлар созылатын уақытқа шамалас түрде және олар міндеттемелердің орындалуына кедергі келтіретін немесе кешіктіретін дәрежеде тоқтатылады.

10.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары Шарттың мақсаттары үшін Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс кез келген мән-жайды, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, бірақ өрт (Тараптың ұқыпсыздығынан немесе немқұрайлығынан туындаған жағдайларды қоспағанда), су тасқыны, жер сілкіністері, соғыстар (жарияланған және жарияланбаған), көтерілістер, ереуілдер, азаматтық соғыстар немесе тәртіпсіздіктер, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін қабылдау, жүйелердің жұмысындағы ақаулар мен қателіктер, жұмысқа жарамсыздықты білдіреді, осылардың салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді уақытында орындау мүмкін болмауы мүмкін.

10.3. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауда кедергілері бар Тарап басқа Тарапты еңсерілмейтін күш жағдайларының туындағаны туралы жазбаша хабардар етуі керек.

10.4. Егер Тарап Шарттың 10.3-тармағында белгіленгендей хабарлама жасамаған болса, онда ол еңсерілмейтін күш жағдайларына сілтеме жасау құқығын жоғалтады, еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан мұндай Тараптың екінші Тарапқа хабарлама жіберуі мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда.

10.5. Жалпыға мәлім еңсерілмейтін күш жағдайлары қосымша дәлелдемелер мен хабарламаларды қажет етпейді. Барлық өзге еңсерілмейтін күш жағдайларына қатысты дәлелдемелерді мүдделі Тарап ұсынады. Мұндай жағдайлардың және олардың ұзақтығының дәлелі Ұлттық кәсіпкерлер палатасы немесе басқа құзыретті орган берген құжаттар болып табылады.

10.6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде оларға тап болған Тарап екінші Тарапты еңсерілмейтін күш жағдайларының тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етуге және Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды қайта жалғастыруға міндетті. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары туындағаннан кейін 1 (бір) айдан астам уақыт бойы жалғасатын болса, Тараптардың кез келгені Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, бұл ретте, басқа Тарапқа Шартты бұзу жоспарланған күннен 14 (он төрт) жұмыс күні бұрын жазбаша түрде хабарлауы тиіс.

#### **11. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ОНЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ**

11.1. Шарт оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

11.2. Шарт бір жыл мерзімге жасалады және автоматты түрде кезекті мерзімге ұзартылады, егер Тараптардың ешқайсысы осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде бір ай бұрын өзінің Шартты бұзу туралы ниетін жазбаша түрде хабарламаса. Қаржыландырудың өзара есеп айырысуына және оған қатысты Шарт талаптарына келгенде, Шарт бойынша ақша міндеттемелерді толық орындағанға дейін Шарт әрекет етеді.

11.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда немесе Тараптардың біреуінің бастамасымен Тараптардың келісімі бойынша Шарт мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін, бұл ретте, бұл туралы Шартты бұзу жоспарланған күнге кемінде 30 күнтізбелік күн қалғанда басқа Тарапқа хабарлауы тиіс.

11.4. Шарттан біржақты бас тарту туралы хабарлама алған күннен бастап Тараптар Шартқа сәйкес Карточкалар бойынша Транзакцияларды тоқтатады.

11.5. Банк біржақты соттан тыс тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, егер келесі жағдайларда Коммерсантқа Шартты болжалды тоқтату күннен 3 (үш) жұмыс күні бұрын хабарласа:

- 1) Коммерсант туралы мәліметтердің Тізілімде болуы;
- 2) егер тараптардың бірі/операцияға/мәмілеге немесе мәміле бойынша міндеттемеге қатысушы ретінде халықаралық ұйыммен немесе шетелдік мемлекетпен анықталған ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландырудың елеулі қаупі бар елде тіркелген/орналасқан тұлға болса, немесе бұл операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысатын болса;
- 3) егер Коммерсант жүргізетін операцияларды зерттеу барысында бұл операциялар қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыру (жылыстату) және бұқаралық жойғыш қаруды таратуды қаржыландыру мақсатында жасалғаны туралы күдіктер болса;
- 4) егер Коммерсант қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мақсатында құжаттарды және ақпаратты ұсынудан бас тартса, осындай жасыру Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес рұқсат етілмеген жағдайлардан басқа;
- 5) Коммерсантқа қатысты оның әрекетін заңсыз деп тану туралы амалдардың жүргізілуіне көрсететін жағдайлар болғанда, Коммерсанттың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына/ХТЖ қағидаларына сәйкес айналымда рұқсат етілмеген немесе шектелген тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатумен байланысты болғанда, Банктің Транзакциялардың заңдылығына күмән келтіруі жағдайында, Банк сұратқан ақпаратты ұсынудан бас тартқанда немесе құқыққа қарсы әрекеттің жүргізілуіне немесе шығынның келтірілуіне әкеліп соғатын жағдайлар болғанда, сонымен қатар Банктің қарауы бойынша басқа негіздер бойынша;
  - 6) ХТЖ талабы бойынша;
  - 7) осы Шартты одан әрі орындаудың жөнсіздігі;
  - 8) Карточкаларға қызмет көрсету қағидаларын бұзу;
  - 9) Коммерсанттың Шарт бойынша кез келген міндеттемені бұзуы;
  - 10) Коммерсантты алаяқтық әрекеттер жасауға әрекет жасау кезіндегі алаяқтық әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін айыптау;
  - 11) Коммерсант қосылған сәттен бастап 3 (үш) ай ішінде Транзакцияның болмауы немесе Интернет-сайт арқылы жүзеге асырылатын Транзакция көлемінің жеткіліксіз болуы (Коммерсанты тарту кезінде мәлімделген);
  - 12) егер қосылу кезінде болған болса, банктік шот шартының бұзылуы;
  - 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге де негіздер бойынша.

11.6. Осы Шарт тоқтатылған жағдайда екі Тарап екі ай ішінде есеп айырысуды аяқтауы керек. Алайда, төлем жүйелерінің кез келгенінен операция сомасын төлемеуге қатысты шағым түсірілген жағдайда, есеп айырысу мерзімі ХТЖ қағидаларына сәйкес мерзіммен шектелмейді.

11.7. Тараптар осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Осы Шарттың барлық өзгерісі және толықтыруы, осы Шартпен қарастырылған жағдайлардан басқа, жазбаша түрде жасалған, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған болған жағдайда ғана әрекетті деп танылады.

## **12. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ**

12.1. Тараптар арасында туындаған барлық даулар өзара қолайлы шешімге қол жеткізу үшін келіссөздер арқылы шешіледі. Егер Тараптар келісімге келе алмаса, даулар және/немесе келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша (Банктің қалауы бойынша) сот тәртібінде шешіледі.

12.2. Шартты орындаумен байланысты туындайтын дау жағдайында Банкте және/немесе Коммерсантта сақталатын Шартқа сәйкес жүргізілген Транзакциялар бойынша электрондық нұсқадағы құжаттар Тараптармен қағаз жеткізгіштегі құжаттармен тең саналады және дәлел ретінде қызмет көрсетуі мүмкін. Тараптар машиналық ақпарат тасымалдағыштардағы операциялар туралы деректерді дауларды шешуде дәлел ретінде қабылдауға келіседі.

12.3. Тараптар Шарт шегінде Тараптардың қатынастарын құқықтық реттеу көзі болып Шарт, Қазақстан Республикасының заңнамасы, ХТЖ талаптары табылатындығымен келіседі, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе. ХТЖ қағидаларының ережелеріне қайшы келетін Шарттың кез келген талаптары (Шартты жасасу уақытында белгілі және келешекте шығарылатын) ХТЖ қағидаларына сәйкес келтірілуге тиісті.

### **13. БАСҚА ТАЛАПТАР**

13.1. Банкті немесе Коммерсантты тарату немесе қайта құру кезінде осы Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттер заңды мұрагерге өтеді.

13.2. Шарт бойынша барлық хабарламалар, егер олар көрсетілген деректемелер бойынша жазбаша түрде қолына беру түрінде және/немесе пошта қызметі арқылы және/немесе факс және/немесе электрондық пошта арқылы жіберілсе, таңдалған байланыс арнасында хабарламаның адресатқа жеткізілуін растау көзделсе, онда ол жіберілген/тиісті Тарап алған болып саналады, Егер Шартта арнайы өзгесі белгіленбесе.

13.3. Осы Шарт заңды күші бірдей екі данада, мемлекеттік және орыс тілдерінде, Тараптардың әрқайсысына бір данадан жасалған. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда, оларды реттеу үшін Шарттың орыс тіліндегі мәтіні қолданылады.

13.4. Тараптар Шартта реттелмеген барлық жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.



### Банктің Коммерсанттың Интернет-сайтына қоятын талаптары

Банктің Коммерсантқа қоятын осы талаптары (бұдан әрі - Талаптар) елеулі, бірақ толық емес болып табылады және Коммерсант төменде көрсетілген талаптардың орындалуын және сәйкестігін, сондай-ақ Банк Коммерсантқа хабарлайтын өзге де талаптарды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Коммерсанттар ұсынатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің талаптарына, ХТЖ ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

1. Коммерсант Банктің интернет-эквайринг қызметтеріне қосылған күні және одан әрі жұмыс істеген кезде Коммерсанттың Интернет-сайты төменде көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1.1. Интернет-сайттың статикалық IP мекен-жайы болуы керек және ақылы хостингке орналастырылуы керек. Интернет-сайт Екінші деңгейдегі доменде орналасуы тиіс.

1.2. Интернет-сайттың жұмысына байланысты барлық беттер, функционал, ішкі сілтемелер бірыңғай домендік атаудың астында болуы және жұмыс жағдайында болуы тиіс (пайдалану/ашу/оқу үшін қолжетімді). Ақпараттың, функционалдың, сатып алушыларға қызмет көрсету шарттары мен қағидаларының бір бөлігін басқа домендік атпен беттерде орналастыруға жол берілмейді.

1.3. Интернет-сайтта жұмыс істемейтін беттер, бағыты олардың атауына сәйкес келмейтін сілтемелер, сондай-ақ басқа сайттарға қайта бағыттайтын беттер/сілтемелер болмауы керек (қайта бағыттауды нақты көрсетпестен).

1.4. Коммерсанттың Интернет-сайтында сайттардың сілтемелері және/немесе баннерлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келетін және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХТЖ қағидаларына сәйкес таратуға тыйым салынған ақпаратты қамтитын баннерлік желілердің сілтемелері болмауы тиіс.

1.5. Коммерсанттың Интернет-сайтында міндетті түрде келесі ақпарат орналастырылуы тиіс:

1) оның қызмет түрін бірегей сәйкестендіретін және ұсынылатын тауарлар/жұмыстар/көрсетілетін қызметтер туралы толық ақпаратты қамтитын Коммерсант туралы анықтамалық ақпарат;

2) Коммерсант туралы деректер (атауы / ТАӘ, мекенжайы, ЖСН / БСН, байланыс телефоны, электрондық пошта мекенжайы және т. б.);

3) Карточка ұстаушыға (Клиентке) арналған тіркеу нысаны (- дары) ;

4) өткізілетін тауарлардың/жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің сипаттамаларының толық сипаттамасы;

5) тауардың/жұмыстың/қызметтің құны;

6) тауарға/жұмысқа/қызметке ақы төлеу тәсілі;

7) Карточка арқылы төлем жүргізу тәртібі;

8) тауарды қайтару/жұмысты/қызметті тоқтату саясаты мен тәртібі;

9) тауарды жеткізу/қызметтерді көрсету/Жұмыстарды орындау шарттары;

10) төлеммен проблемалар туындаған кезде Карточка ұстаушының іс-әрекеттері туралы;

11) дербес деректерді өңдеу тәртібі туралы және Карточка ұстаушы интернет-сайтты пайдаланған кезде алынған деректердің құпиялылығын сақтау туралы ереже;

12) Карточкаларды пайдалана отырып транзакциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы ақпарат.

13) электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірін қоса алғанда, клиенттерді қолдау қызметінің байланыс ақпараты; Карточкаларын Коммерсант қабылдайтын ХТЖ логотиптері бар бейнелер және өзге де төлем тәсілдері (тек Интернет-дүкендер үшін). ХТЖ мен Банктің логотиптері Карточка ұстаушыларды кімнің атынан бизнес жүргізіліп жатқанына қатысты жаңылыстырмауы тиіс;

14) Банк логотипі бар сурет және Банк ресурстарына сілтемесі бар URL: <https://forte.kz/>.

1.6. Қажет болған жағдайда, Интернет-сайтта мемлекеттік орган берген лицензиялар, рұқсаттар, сондай-ақ сатылатын тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге құқық иеленуші, өндіруші ұсынған ақпарат орналастырылуы тиіс.

2. Интернет-сайт тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің келесі санаттарын өткізу үшін пайдаланылмауы тиіс:

2.1. Тыйым салынған қызмет түрлері:

1) чек бойынша қолма-қол ақша / бизнес кепілдіктер алу қызметтері;

2) қаржылық пирамидалар, желілік маркетинг;

3) зияткерлік меншік құқықтарын сату немесе бұзу;

- 4) дербес деректерді қамтитын дерекқорларды сату;
- 5) қорлайтын материалдарды тарату (мысалы, моральды қорлайтын тауарлар, этникалық немесе нәсілдік тұрғыдан қорлайтын материалдар, есте қаларлық нацистік заттар, зорлық-зомбылықты, этникалық араздықты, жеккөрушілікті, нәсілшілдікті, қорлайтын және қорлайтын сөздер мен қорлауды уағыздайтын тауарлар);
- 6) заңсыз қызметті көтермелейтін немесе басқаларды заңсыз қызметке қатысуға итермелейтін материалдар мен тауарлар;
- 7) елдің мәдени құндылықтарын құрайтын тарих және өнер заттарын сату;
- 8) заңсыз саудаға, қаржылық алаяқтыққа, заңсыз жолмен алынған ақшаны жылыстатуға және заңдастыруға қарсы күрес мақсаттары үшін есепке алу жүйелері иесінің жеке басын тиісінше сәйкестендіруді қамтамасыз етпейтін қаржы немесе төлем құралдары;
- 9) порнография, сексуалдық бағыттағы контент, «ересектерге арналған тауарлар»;
- 10) Темекі бұйымдары мен алкогольді ішімдіктерді сату;
- 11) уларды, есірткі құралдарын және психотроптық заттарды сату;
- 12) рецептілік дәрілік препараттарды (ББК, дәрілік шөптер және т. б.) сату;
- 13) бұғы өсіруден алынатын дәрілік шикізатты (панты және эндокриндік шикізат) сату;
- 14) адам ағзалары мен қалдықтарын сату;
- 15) мемлекеттік айырым белгілерін, үкіметтік құжаттарды, униформаларды, үкіметтік жеке куәліктер мен лицензияларды, сондай-ақ полицияға қатысы бар тауарларды сату;
- 16) контрафактілік, жалған тауарларды/көрсетілетін қызметтерді сату;
- 17) бағалы және сирек кездесетін металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды, сондай-ақ құрамында бағалы және сирек кездесетін металдар мен асыл тастар бар қалдықтарды сату;
- 18) уранды және басқа да бөлінетін материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сату;
- 19) радиоактивті заттар мен изотоптар пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтарды сату, рентген жабдығы;
- 20) радиоактивті материалдардың, жарылғыш заттардың қалдықтарын сату;
- 21) құқық қорғау органдары тыйым салған атыс қаруын және оның қосалқы бөлшектерін, оқ-дәрілерді, суық қаруды, әскери техниканы, жарылғыш заттар мен жару құралдарын, жауынгерлік улы заттар мен олардан қорғану құралдарын, зымыран-ғарыш кешендерін, әскери мақсаттағы байланыс және басқару жүйелерін, шифрлау техникасын, сондай-ақ жоғарыда санамаланған құрылғыларды өндіруге және пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы сату;
- 22) қару-жарақ пен әскери техниканы жасау жөніндегі ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарының, сондай-ақ іргелі іздестіру зерттеулерінің нәтижелерін сату;
- 23) арнайы техникалық құралдарды сату (әзірленген, бейімделген, бағдарламаланған):
  - акустикалық ақпаратты жасырын алу және тіркеу үшін;
  - жасырын көзбен бақылау және құжаттау үшін;
  - телефонмен сөйлесулерді жасырын тыңдау үшін;
  - техникалық байланыс арналарынан ақпаратты жасырын ұстап алу және тіркеу үшін;
  - көлік құралдары мен басқа да объектілердің қозғалысын жасырын бақылау үшін;
  - үй-жайларды, көлік құралдарын және басқа да объектілерді жасырын тексеру үшін;
  - сондай-ақ осы құралдарды өндіру мен пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттама;
- 24) бір немесе бірнеше радиотаратушы құрылғылардан және(немесе) олардың құрамаларынан тұратын жоғары жиілікті құрылғыларды және 9 кГц-тен жоғары жиіліктегі радиотолқындарды беруге және қабылдауға арналған қосалқы жабдықтарды сату;
- 25) құлыптарды бұзуға және ашуға арналған құрылғыларды сату;
- 26) еркін өткізілетін өзге де тауарларды/көрсетілетін қызметтерді сату:
  - Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған немесе шектелген;
  - Банктің немесе халықаралық төлем жүйелерінің іскерлік беделіне теріс әсер етуі мүмкін.

## 2.2. High-Brand Risk жататын Коммерсанттар қызметінің санаттары (МСС):

- 1) 5122, 5912 (Дәрі - дәрмектер, оларды таратушылар, дәріханалар) - CNP ортасында фармацевтикалық препараттарды сату;
- 2) 5962 (Тікелей маркетинг – туризмге қатысты қызметтер) – CNP ортасында Шығыс телемаркетингтік қоңыраулар немесе жаппай электрондық тарату арқылы таймшерлер және дисконттық туристік клубтар сияқты сапарларға байланысты қызметтерді сату;
- 3) 5966 (Тікелей маркетинг - шығыс телемаркетингі) – қашықтағы телемаркетингі пайдалана отырып, CNP ортасында тауарларды немесе қызметтерді сату; мысалдарға тыйым салынбаған техникалық қолдау қызметтері немесе кредиттік карточкаларды қорғау сияқты қызметтер кіреді;
- 4) 5967(Тікелей маркетинг – кіріс телемаркетинг), 7841 (Бейнетүсірілімді жалға беру) - CNP ортасында интимдік сипаттағы ересектерге арналған контентті және/немесе қызметтерді сату, олар жазылу бойынша веб-сайтқа кіруді қамтуы мүмкін, бірақ онымен шектелмейді, бейне таспаларды және DVD дискілерді сату және/немесе жалға беру;
- 5) 5968 (Тікелей маркетинг – Жазылым бойынша сату) – CNP-де тауарларды тұрақты немесе мерзімді негізде алуға жазылу ортасында сату (мысалы, айына бір рет немесе жылына екі рет);

- 6) 5993 (Темекі дүкендері) - темекіні, сигараларды, темекіні, никотинді жеткізудің электрондық жүйелерін (электрондық сигареттерді) және барлық темекі аксессуарларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, CNP ортасында темекі өнімдерін сату;
- 7) 7273 (Танысу) – CNP ортасында, оның ішінде компьютерлер, жеке бейнелер, танысу қызметтері, хабарландырулар орналастыру немесе танысу веб-сайттарына жазылу арқылы танысу және сүйемелдеу (эскорт) қызметтерін ұсынатын;
- 8) 9754, 7800, 7801, 7802, 7995, 9406 (Құмар ойындар) - ставкаларды орналастыруды, фишкаларды, лотерея билетін немесе ойын қызметімен ұштастыра отырып құмар ойындар үшін пайдаланылатын өзге де құндылықты қамтитын, казино, ипподромдар, карточкалық салондар, авиакомпаниялар және т. б. сияқты ставкалар немесе бәс тігу үшін мекемелер ұсынатын CNP ортадағы кез келген транзакция;
- 9) 5816 (сандық тауарлар – ойындар), 7994 (Бейне ойындар клубтары) – Зияткерлік сипаттағы ойын қызметтерін сату. Виртуалды-спорттық ойындар сияқты шеберлік ойындары, онда қатысушылар ойын ақысын төлейді және ойын нәтижесі сәттілікпен емес, қатысушылардың шеберлігімен анықталады, жеңімпаздың қолма-қол және/немесе ақшалай сыйлық алуы мүмкін;
- 10) 4816 (Компьютерлік желілер, ақпараттық қызметтер, файл алмастырғыштар) – CNP ортасында файлдарды сақтау және бөлісу сияқты онлайн қызметтерді сату;
- 11) 6051 (Квази-Кэш – қаржылық емес мекемелер) - шетел валютасын, ақшалай емес валютаны (мысалы, криптовалюта), жол чектерін сату, ақша аударымдарын жүзеге асыру және борышты өтеу, шотты қаржыландыру (Stored Value Load), электрондық әмияндарды, сауда шоттарын және басқа да қаржылық емес мекемелердегі CP немесе CNP ортадағы квази-кэш операциялары толықтыру;
- 12) 6211 (Бағалы қағаздар нарығындағы брокерлердің қызметтері) – тікелей немесе жанама сату бинарлық опциондармен, айырмаға арналған келісімшарттармен, FOREX опциондарымен, криптовалюта опциондарымен, CP немесе CNP ортадағы криптовалюталармен жүргізілетін сауда.

### **Банктің Рекурренттік/Қайталанатын транзакцияларды жасауға қоятын талаптары**

Осы қосымша Банктің Рекурренттік/Қайталанатын транзакцияларды жүзеге асыру арқылы тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлемді қабылдау кезінде Коммерсант сақтауға міндетті **Рекурренттік/Қайталанатын транзакцияларды жасауға** қойылатын қосымша талаптарын анықтайды. Бұл ретте осы талаптар елеулі, бірақ толық емес болып табылады және Коммерсант төменде көрсетілген талаптардың орындалуын және сәйкестігін, сондай-ақ Банк олар туралы қосымша хабарлайтын өзге де талаптарды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

1. Рекурренттік/Қайталанатын транзакциялар жасау қызметіне қосылу банктің техникалық мүмкіндігі болған кезде жүргізіледі.
2. Рекурренттік/Қайталанатын транзакциялар жасау қызметіне қосылу үшін Коммерсант өтінімді қағаз тасығыштағы ресми хат арқылы жібереді. Банк Коммерсанттың ресми хаты келіп түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қызметті қосуға арналған өтінімді қарайды және Қызметке қосу/қосудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.  
Қызметке қосудан бас тартылған жағдайда, қайта өтінім қосудан бас тартуды алғаннан кейін күнтізбелік 3 (үш) айдан кейін берілуі мүмкін. Банк қызметті қосу үшін Коммерсанттан Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен қосымша құжаттарды, түсіндірмелерді сұратуға құқылы.
3. Коммерсант төменде көрсетілген барлық шарттарды міндетті түрде сақтай отырып, Рекурренттік/Қайталанатын транзакцияларды жүзеге асыруға құқылы:
  - 3.1. Рекурренттік/Қайталанатын транзакцияларды жүргізгенге дейін Коммерсант пен Карточка ұстаушының арасында Келісім (бұдан әрі-Келісім) жасалады, ол Коммерсанттың Рекурренттік/Қайталанатын транзакцияларды жүргізу құқығын тікелей көздейді;
  - 3.2. Келісімде келесі талаптар болуы керек:
    - 1) Карточка ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты (соңғысы болған жағдайда), ЖСН;
    - 2) Төлем жүйесінің атауы; Коммерсанттың атауы және орналасқан жерінің мекенжайы;
    - 3) тауардың/жұмыстың/қызметтің атауы және құны;
    - 4) Карточка нөмірінің алғашқы алты және соңғы төрт саны;
    - 5) Карточка қолданысы аяқталатын күн;
    - 6) Карточканың деректемелерін пайдалану болжанатын мерзім және егер бұл алдын-ала белгілі болса, бір жылдан аспайтын аралықпен кейінгі транзакцияларды жүргізу күні немесе кезеңділігі;
    - 7) Келісімнің қолданылу мерзімі;
    - 8) Карточка бойынша алғашқы транзакция күні;
    - 9) кейінгі транзакциялар валютасының атауы немесе егер келісімді ресімдеу сәтінде сомалардың мәні белгілі болмаса, осы сомаларды анықтау тәртібі;
    - 10) алдағы транзакциялар бойынша күшін жою және қайтару тәртібі;
    - 11) Рекурренттік/Қайталанатын транзакцияларға келісімді кері қайтарып алу тәртібі;
    - 12) транзакцияны орындаудың сәтсіз әрекеті туралы Карточка ұстаушыға хабарлау тәсілі;
    - 13) Карточка ұстаушының электрондық поштасының мекенжайы;
    - 14) Карточка ұстаушының байланыс телефоны;
    - 15) Карточка ұстаушының айқын көрсетілген түрде Келісім талаптарымен, оның ішінде Карточка ұстаушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімі;
    - 16) Карточка ұстаушыға тұрақты түрде Рекурренттік/Қайталанатын транзакциялар жолымен төленетін тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді ұсыну.
  - 3.3. Рекурренттік/Қайталанатын транзакциялар жүргізу кезіндегі келісім жарамды болып табылады;
  - 3.4. Жасалған Келісімдерді тиісті Келісімнің барлық қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ Келісімнің қолданысы тоқтатылған сәттен бастап 540 (бес жүз қырық) күнтізбелік күн ішінде сақтау қажет;
  - 3.5. Карточка ұстаушының мекенжайына электронды пошта арқылы немесе Карточка ұстаушымен келісілген өзге тәсілмен Рекурренттік/Қайталанатын транзакция жасалғаны туралы хабарлама жіберу қажет.
  - 3.6. Карточка ұстаушыға Рекурренттік/Қайталанатын транзакцияларды жүргізуден бас тарту мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет;
  - 3.7. Карточканы ұстаушыдан Келісімді бұзу туралы хабарламаны алған сәттен бастап 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде осындай Келісімде көзделген барлық кейінгі Рекурренттік/Қайталанатын транзакцияларды жою қажет.
  - 3.8. Келісімде көзделген Рекурренттік/Қайталанатын транзакцияны жүзеге асыру күніне дейін күнтізбелік 1 (бір) күн бұрын Карточка ұстаушыға алдағы Рекурренттік/Қайталанатын транзакция туралы электрондық пошта арқылы немесе Карточка ұстаушымен келісілген өзге тәсілмен ескерту жіберу қажет.

- 3.9. Коммерсанттың Рекурренттік/Қайталанатын транзакция жүргізу кезінде Карточканың қандай да бір деректерін сақтауға құқығы жоқ.
4. Банк кез келген сәтте себебін түсіндірместен Коммерсантқа осындай бұғаттау туралы Коммерсантты хабардар ете отырып, Рекурренттік/Қайталанатын транзакцияларды жүргізудің техникалық мүмкіндігін бұғаттауға құқылы.
5. Банк Коммерсантқа Рекурренттік/Қайталанатын транзакция бойынша өтем сомасын аударудан бас тартуға, сондай-ақ Шартта көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ Коммерсант осы Қосымшаның талаптарын сақтамаған жағдайда бұрын аударылған өтемді қайтаруды талап етуге құқылы.
6. Рекурренттік /Қайталанатын мәміле Шарттың 5-бөлімін қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, жарамсыз деп танылады, егер:
- 6.1. Транзакция тұрақты болып табылады, бірақ оны жасауды көздейтін Келісім жасалмаған және/немесе Шарт талаптарын бұза отырып жасалған;
- 6.2. Рекурренттік/Қайталанатын транзакция жасалған кезде Келісімнің мерзімі аяқталды немесе ол мерзімінен бұрын бұзылған;
- 6.3. Жасалған Рекурренттік/ Қайталанатын транзакция параметрлері Келісімде көрсетілген параметрлерге сәйкес келмейді.

### Банктің Токен арқылы төлем қабылдауға қоятын талаптары

Осы Қосымша Токен арқылы тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлемді қабылдау кезінде Ұйым сақтауға міндетті Токен арқылы төлемді қабылдауға қойылатын Банктің қосымша талаптарын айқындайды. Бұл ретте осы талаптар елеулі, бірақ толық емес болып табылады және Ұйым Коммерсанттың төменде көрсетілген талаптарға, сондай-ақ Банк Ұйымға қосымша хабарлайтын өзге де талаптарға орындалуын және сәйкестігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

1. Токен арқылы төлем қабылдау қызметіне қосылу Банктің техникалық мүмкіндігі болған кезде жүргізіледі.
2. Төлем қабылдау қызметіне Токен арқылы қосылу үшін Ұйым өтінімді қағаз тасығыштағы ресми хат арқылы жібереді. Банк қызметке қосуға өтінімді ұйымның ресми хаты келіп түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды және Қызметке қосу/қосудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.
3. Қызметке қосудан бас тартылған жағдайда, қайта өтінім қосудан бас тартуды алғаннан кейін күнтізбелік 3 (үш) айдан кейін берілуі мүмкін. Банк қызметті қосу үшін ұйымнан Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен қосымша құжаттарды, түсіндірмелерді сұратуға құқылы.
4. Токен шығаруды карточка ұстаушы Коммерсанттың Интернет-сайтында Банктің токенизация жүйесі арқылы токенизация процедурасы арқылы жүзеге асырады.
5. Егер Банк өзге шарттарды көздемесе, Карточка ұстаушы Токен шығарылған Интернет-сайтта ғана Токенмен төлем жасай алады.
6. Карточка токени эмитент Банк төлемді сәтті авторизациялағаннан кейін ғана шығарылады.
7. Ұйым төменде көрсетілген барлық шарттар арқылы төлемді қабылдау кезінде Коммерсанттың сақталуын қамтамасыз етуі керек:
  - 7.1. Токен арқылы төлемді қабылдағанға дейін Коммерсант пен Карточка ұстаушы арасында келісім жасалады, ол Коммерсанттың Токен арқылы төлемді қабылдау құқығын тікелей көздейді (бұдан әрі - Келісім);
  - 7.2. Келісімде келесі шарттар болуы керек:
    - 1) Карточка ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты (соңғысы болған жағдайда), ЖСН;
    - 2) төлем жүйесінің атауы;
    - 3) Коммерсанттың атауы және орналасқан жерінің мекенжайы;
    - 4) тауардың/жұмыстың/қызметтің атауы және құны;
    - 5) Келісімнің қолданылу мерзімі;
    - 6) Токенді құлыптау/жою тәртібі;
    - 7) транзакцияны орындаудың сәтсіз әрекеті туралы Карточка ұстаушыға хабарлау тәсілі;
    - 8) Карточка ұстаушының электрондық поштасының мекенжайы;
    - 9) Карточка ұстаушының байланыс телефоны;
    - 10) Карточка Ұстаушының айқын көрсетілген түрде Келісім талаптарымен, оның ішінде Токенді генерациялауға және Карточка ұстаушының жеке деректерін жинауға және өңдеуге келісімі.
  - 7.3. Токен арқылы төлеу кезіндегі келісім жарамды болып табылады;
  - 7.4. Жасалған келісімдерді тиісті келісімнің барлық қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ қолданысы тоқтатылған сәттен бастап 540 (бес жүз қырық) күнтізбелік күн ішінде сақтау қажет.
  - 7.5. Карточка ұстаушыға Токенді құлыптау/жою мүмкіндігін беру қажет.
  - 7.6. Коммерсанттың төлемді Токен арқылы қабылдаған кезде Карточканың қандай да бір деректерін сақтауға құқығы жоқ.
  - 7.7. Коммерсантқа Токен арқылы төлем жасауға және қабылдауға арналған электрондық терминалдар арқылы операциялардың басқа түрлерін жүргізуге тыйым салынады.
  8. Банк кез келген сәтте себебін түсіндірместен, Ұйымға осындай бұғаттау туралы хабарлай отырып, Коммерсантқа және/немесе Ұйымға Токен арқылы төлемді қабылдаудың техникалық мүмкіндігін бұғаттауға құқылы.
  9. Банк Ұйымға Токен арқылы жүзеге асырылған Транзакция бойынша өтем сомасын аударудан бас тартуға, сондай-ақ Шартта көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ Коммерсант және/немесе Ұйым осы қосымшаның талаптарын сақтамаған жағдайда бұрын аударылған өтемді қайтаруды талап етуге құқылы.
  10. Токен арқылы төлем Шарттың 5-бөлімін қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, жарамсыз деп танылады, егер:
    - 10.1. Токен арқылы төлемді қабылдау кезінде Келісімнің мерзімі аяқталды немесе ол мерзімінен бұрын бұзылды;
    - 10.2. Жасалған транзакция параметрлері Келісімде көрсетілген параметрлерге сәйкес келмейді.